

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК  
ОРТАЛЫҒЫ» РМҚК**



**Қосымша білім беру ұйымдарының (жас натуралистер,  
техниктер және т.б. станциялары) қызметін бейінді мектеп  
бағдарламасымен интеграциялау**

**Әдістемелік ұсынымдар**

**Астана, 2014**

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы»  
РМҚК**

**Қосымша білім беру ұйымдарының (жас натуралистер, техниктер және т.б. станциялары) қызметін бейінді мектеп бағдарламасымен интеграциялау (әдістемелік ұсынымдар) – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2014 жыл – 80 б.**

Әдістемелік ұсынымдарда мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарының жалпы орта білім беру ұйымдарында кәсіпалды даярлығын және бейінді оқытуды іске асыру қызметін интеграциялаудың рөлі ашылады.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беру мектептері мен мектептен тыс ұйымдарда балаларға қосымша білім беру жүйесінің басшыларына және педагогтеріне арналған.

Рецензент: Жапарова Сая Бекетқызы, т.ғ.к., С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті экология кафедрасының доценті

*ҚР БжҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК әдістемелік кеңесі ұсынады*

**© Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК., 2014**

## Мазмұны

Кіріспе

Бірыңғай білім беру кеңістігінде балаларға қосымша білім берудің рөлі

Жалпы білім беру мектебінде балаларға қосымша білім беруді ұйымдастырудың шетелдік модельдері

Бейіндік мектептерді дамытудың отандық тарихы

Тұлғаны жан-жақты дамыту факторы ретінде балалардың жалпы орташа және қосымша білімінің өзара іс-қимылының интеграциялық моделі

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының білім беру саясатының көшбасшысы ретінде әлеуметтік-салалық құрылымға интеграциясының моделі

Ұлттық балалар мен жасөспірімдерге арналған интерактивтік парк – инновациялық қосымша білім беру ресурсы

Балалар ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту факторы ретінде жалпы және қосымша білім берудің интеграциясы

Балаларға қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын жазу бойынша әдістемелік ұсынымдар

Балаларды әлеуметке ойдағыдай бейімдеу үшін қосымша және жалпы білім беру интеграциясы бойынша Павлодар қаласының «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» МКҚК жұмысының тәжірибесі

Қорытынды

Қосымша

«Қоршаған орта мониторингі» элективті курсының білім беру оқыту бағдарламасы

«Электрлік тұрмыстық аспаптарды жөндеу» элективті курсының білім беру оқыту бағдарламасы

«Менің бірінші ғылыми еңбегім» элективті курсының білім беру оқыту бағдарламасы

Балаларға қосымша білім берудегі аса өзекті бағыттардың үлгілік тізбесі

## Кіріспе

Соңғы онжылдықтардағы ілгерілеуші идеялардың ішінде үздіксіз білім беру идеясы елеулі орынға ие. Оның мәні — әрбір адамға өмір бойына тұтас тұрақты шығармашылық жаңаруды, дамуды және жетілуді қамтамасыз ету. Бүгінгі күні адамның білімділігі оның тек арнайы (пәндік) білімдерімен ғана емес, отандық және әлемдік мәдениет дәстүрлерін, құндылықтардың қазіргі жүйесін бағытқа алатын, белсенді әлеуметтік бейімделуге және өмірдегі жолын дербес таңдауға, өз бетінше білім алуға және өзін өзі жетілдіруге қабілетті тұлға ретінде жан-жақты дамуымен айқындалады.

Адамның зияткерлік даму деңгейі экономиканы дамытудың басты стратегиялық ресурсына және маңызды факторына айналған қазіргі қоғамда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылуда.

Интеграция қазіргі қоғамды дамытудың маңызды факторы болып табылады. Интеграциялық процестер бүгінгі күні біртұтас әлемге қарай қозғалудың жаһандық үрдісін бейнелей отырып, экономикада, саясатта, мәдениетте, ғылымда жүзеге асырылуда.

Соңғы жылдары мектеп пен балаларға қосымша білім беру ұйымдарын интеграциялау тақырыбы барынша өзектілікке ие болуда. Ол педагогика практикасында ХХ ғасырдың 80-ші жылдары пайда болды және мектепті дамытудың жаңа жолдарын іздестіру арнасында жекелеген жаңашыл басшылардың бастамасы бойынша жүзеге асырылды. Мектептердің балаларға қосымша білім ұйымдарымен ынтымақтастығы сол кезде де болғанын, бірақ интеграция – бұл жай ғана ынтымақтастық емес, бірыңғай әлеуметтік-педагогикалық жүйеге бірігу болып табылатынын айта кету керек. Бұл ведомстволық кедергілерді жеңуге, қосымша қаржыландыру көздерін іздеуге байланысты және екі ұжымның қызу инновациялық режимдегі жұмысын білдіретін күрделі процесс.

Білім беру жүйесі қызметтің қазіргі заманғы және перспективалы түрлеріне бағытталған. Бұл жаңа білім беру нысандарын іздеуді талап етеді, өзінің құрылымы мен функциялары бойынша көпбейінді және әртүрлі оқытудың дәстүрлі емес нысандары мен әдістері бар инновациялық білім беру орталықтарын құруға ынталандырады. Инновация түрлерінің бірі негізгі және қосымша білім беруді интеграциялау болып табылады.

Интеграция - (лат) – бөліктерді қалпына келтіру, толықтыру, біртұтас етіп (integer - тұтас) біріктіру оның үстіне, жай қоса салу емес, өзара сіңісу, өзара іс-қимыл, өзара пайымдау.

Білім берудің қосымша және басқа салаларын білім беру жүйесі шеңберінде интеграциялаудың мақсаты – баланың жеке тұлғасын дамытудың шарты ретінде біртұтас білім беру кеңістігін құру.

Интеграциялық оқытудың нәтижелері білім алушылардың шығармашылық ойлауын дамытуда пайда болады, ол оқу-танымдық

қызметін қарқындатуға, жүйелендіруге, сондай-ақ мәдени сауаттылықты меңгеруге ықпал етеді. Интеграциялаудың міндеті бірнеше оқу пәнінің қарым-қатынасы аясын көрсету ғана емес, олардың органикалық нақты байланысы арқылы білім алушыларға бізді қоршаған әлемнің бірлігін ұқтыру. Өзге жағдайда интеграция пәнаралық байланыстың үстіртін констатация-пародиясына айналуы мүмкін.

Ғалымдар интеграция білім алушылардың сенімдері мен дүниетанымын қалыптастыруды жеделдетеді, уақытты ұтуға мүмкіндік береді дейді.

Қызметтің тиімді және перспективалы бағыттарының бірі қосымша және жалпы білім беруді интеграциялау болып табылады. Бұл балаларға қосымша білім беруді дамытуды оңтайландыруға, оның жүйелік сипаттамаларын күшейтуге, білім беру ұйымдарын дамыту процесіне басқа типтерді қосуға мүмкіндік береді, бұл, өз кезегінде, білім беру кеңістігін кеңейтеді, жекелеген бағыттарды бір жүйеге біріктіреді және бұл ретте әрбір ұйымның ерекшелігін сақтайды.

Қосымша білім беру жалпы білім беру ұйымдарында бала алмайтын немесе жеткілікті дәрежеде алмайтын білімдер кеңістігін толтыруға тырысады. Өзінің асқан ұтқырлығының нәтижесінде қосымша білім беру білім алушыларды дамыту мүмкіндігін кеңейтеді.

ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «...қосымша білім беру білім алушылар үшін беделді болады және жеке тұлғаның кәсіби қалыптасуына ықпал ететін болады. Қосымша біліммен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің 30-50 % қамтылатын болады» делінген.

## **Бірыңғай білім беру кеңістігінде балаларға қосымша білім берудің рөлі**

Балаларға қосымша білім беру Қазақстанның білім беру саясатының басты бағытына, білім беру ұйымдарының барлық типтері мен түрлерінің білім беру процесінің ажырамас бөлігіне айналды, бұл әртүрлі деңгейдегі және біртұтас білім беру жүйесін құруға, білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру түрлері мазмұнының сабақтастығы міндетін шешуге мүмкіндік берді. Қосымша білім беру жүйесі толық көлемде ұсынатын әлеуметтік бейімдеу, психологиялық-педагогикалық қолдау, бос уақытты тиімді ұйымдастыру, «табыс жағдайы» және көптеген басқа нәрселер әр баланың өмірінде анағұрлым маңызды. Дәл осы жағдай балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытуды мемлекеттік саясаттың басымдықтары қатарына қояды.

Білім беруді жаңғырту жалпы білім беру мектептері мен балаларға қосымша білім беру ұйымдарын бірыңғай білім беру кеңістігіне интеграциялауды көздейді, онда әрбір ұйым өз қызметінің мақсаттары, мазмұны, әдістері мен тәсілдері бойынша бірегей бола отырып, басқаны толықтырады, баланың жеке тұлғасын дамытуға өзінің үлесін қосады.

*Білім беру кеңістігі – білім беру ортасы.*

Білім беру кеңістігі – бұл жеке баланы немесе көп баланы (сынып, мектеп, ҚББО, аула, шағын аудан, қала және т.б.) қоршаған педагогикалық тұрғыдан орынды ұйымдастырылған орта. Орта өзінде мақсатқа бағытталған білім беру қызметі ұйымдастырылған кезде кеңістікке айналады. Өңірдің білім беру кеңістігін құрудың негізгі тетігі – бірыңғай педагогикалық міндеттерді, қағидаттарды және білім беруге деген тәсілдерді басшылыққа алатын ұйымдардың, ұжымдардың, педагогтердің өзара іс-қимылын ұйымдастыру.

Білім беру кеңістігі – білім беру бағдарламаларының жиынтығы өңірдің білім беру кеңістігі шеңберінде білім беру талаптарын қанағаттандыратын көпдеңгейлі бағдарламалардың жиынтығы ретінде қарастырылады. Мұндай білім беру кеңістігін құрудың басты тетігі – негізінен оны құруға қатысатын тапсырыс берушілердің сұраныстарын білдіретін білім беру бағдарламаларының (оның ішінде балаларға қосымша білім беру) пакетін қалыптастыру. Оның үстіне, бұл білім беру бағдарламаларының жиынтығы басты талапқа жауап беруі – тапсырыс берушілердің жеке білім беру траекторийлерін құруы үшін жағдайлар жасауы тиіс.

*Білім беру кеңістігі – балалар кеңістігі.*

Бұл кеңістік баланы нақты дамытуды айқындайтын, өмір сүру мәнін іздеудің бастамасы. Ол әртүрлі кеңістіктердің жиынтығы ретінде қарастырылуы мүмкін:

*- әлеуметтік орта (отбасы қатынастары әлемін қоса),*

- мәдени орта (білім беру жүйесін қоса),
- ақпараттық орта,
- табиғат әлемі,
- бала сезімдерінің кеңістігі.

Балаларға қосымша білім берудің білім беру оқу бағдарламалары баланың жеке мүмкіндіктері, әлеуметтік-мәдени даму жағдайлары ескеріле отырып, оның өзінің мүдделері мен қажеттіліктеріне құрылады. Қосымша білім беру жүйесінде сабақ ала отырып, бала жеке таңдау жасауға үйренеді, өз қабілеттерін танудың тетігін табады, әртүрлі тұрмыс салаларында рухани-адамгершілік және практикалық қызмет тәжірибесін алады, өзіндік өмір сүру перспективасының мақсаттарын түсінеді. Балаларға қосымша білім беру ұйымының міндеті онымен қамтылған әрбір балаға өзін қайталанбас шығармашыл дара тұлға ретінде көрсетуге мүмкіндік беретін білім беру процесін ұйымдастыру болып табылады.

Балаларға қосымша білім беру заң бойынша қазіргі қазақстандық қоғамда қалыптасқан білім беру кеңістігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Ол әлеуметтік тұрғыда сұранысқа ие және өзінде баланың жеке тұлғасын тәрбиелеуді, оқытуды және дамытуды тығыз байланыста үйлестірген білім беру ретінде қоғам мен мемлекет тарапынан үнемі назар аударуды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары желісін кеңейтуді тапсырды (2012 жылғы 13 қарашадағы № 03-10.5)

2013 жылы 2012 жылмен салыстырғанда балаларға қосымша білім беру ұйымдарының саны **39 бірлікке** өсті:

оқушылар сарайлары, үйлері – 186 (2012 жылы - 175); жас туристер станциялары – 35 (2012 жылы - 26); жас техниктер станциялары мен техникалық шығармашылық орталықтары – 24 (2012 жылы - 21); жас натуралистер станциялары – 18 (2012 жылы - 18); балалар музыка мектептері – 208 (2012 жылы - 206); балалар көркемөнер мектептері – 31 (2012 жылы - 30); балалар өнер мектептері – 137 (2012 жылы - 110); қызығушылық клубтары – 23 (2012 жылы - 24); жыл бойғы лагерьлер – 13 (2012 жылы - 10); аула клубтары – 7 (2012 жылы - 7).

2014 жылғы 15 қаңтардағы жағдай бойынша республиканың 680 қосымша білім беру ұйымында 576209 білім алушы айналысады, бұл жалпы оқушылар санының 23,1 % құрайды.

Қосымша білім берудің білім беру оқыту бағдарламалары жалпы білім беру мектептерінде табысты іске асырылуда. Өңірлердің білім беру басқармаларының есептік деректері бойынша 2013 жылғы 1 қазандағы

жағдай бойынша елімізде 53 272 үйірме жұмыс істейді, оларда қосымша білім берумен оқушылардың 35,1 %-ы қамтылған.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінде елеулі орынды білім алушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын ұйымдастыру алады. Қазақстанда **21** жас техниктер станциясы мен техникалық шығармашылық орталығы жұмыс істейді. Оларға **11 мыңнан** астам оқушы қатысады. 189 балалар шығармашылығы үйлерінде, орталықтарында ғылым, техника, техникалық бейін үйірмелері ашылып, жұмыс істеуде.

Балаларға экологиялық-биологиялық қосымша білім берудің негізін табиғатты қорғау қызметіне бағытталған **18** жас натуралистер станциясы мен экологиялық-биологиялық орталық (12 мыңнан астам бала), оқу-зерттеу жұмыстары мен жобаларын жүргізу құрайды.

Қазіргі уақытта республикада шамамен 16 мың оқушы қатысатын **35** жас өлкетанушы туристер станциялары мен орталықтары жұмыс істейді.

206 балалар музыка мектебінде, 30 балалар көркемөнер мектебі мен 110 балалар өнер мектебінде 100 мыңнан астам бала білім алады.

24 қызығушылық клубында, 10 жылдық лагерінде, 7 аула клубында, сондай-ақ қосымша білім беру ұйымдары жанындағы 508 аула клубында 120 мыңнан астам баланың денсаулығы қамтамасыз етілген.

Соңғы уақытта балаларға қосымша білім беру жүйесі айтарлықтай өзгерістерді бастан кешірді және білім берудің осы түріне бірегейлік пен ерекше әлеуметтік мән беретін сапалы сипаттамалардың бірқатарына ие болды.

Олардың ішінде:

оқыту мен тәрбиелеу процестерінің жеке бағдарлануы;

бейінділік, практикалық бағыттылық, кәсіби бағдар;

ұтқырлық пен көпфункционалдылық;

әртүрлі деңгейлілік;

білім берудің мазмұны, нысандары, әдістері;

білім беру әдістемелерін дараландыру;

білім алушылардың қызметін белсендендіру арқылы оқытудың тәрбиелеу функциясын дамыту;

қоғамда жаңа өмір сүру жағдайларында балаларды сауықтыру және әлеуметтік тәрбиелеу.

Республикада бұл бағытты дамыту қажеттігі бірыңғай білім беру кеңістігін және білім беру қызметтерінің қосымшалылығын қамтамасыз етудің негізіндегі түрлерді сақтау идеясына негізделеді.

Қазіргі мектепте мазмұн мен технологияларды мақсатты тұжырымдау контекстінде өзгертудің инновациялық сипаттамасы айтарлықтай дәрежеде қосымша білім беру есебінен күшейтілуі мүмкін,



оның сипаты қызмет түрлерін еркін таңдауды, білім алушылардың жоғары бейімділігін, яғни, жеке тұлғаның нақты шығармашылық ашылуын болжамдайды.

Негізгі білім берудің әрбір сатысы үшін қосымша білім беру белгілі бір жас ерекшелігі жағдайларында жеке тұлғаны дамытудың мақсатты тұжырымдау ерекшелігіне сүйене отырып, өзінің мазмұндық модулін ұсынуға қабілетті:

- мектепке дейінгі білім беру кезеңінде – мектепалды дайындығы;
- бастауыш білім беру кезеңінде – білім алушының өз ұстанымын меңгеруіне көмектесу: қызығушылықтары бойынша әртүрлі білім беру қоғамдастықтарына қосу;
- негізгі жалпы білім беру кезеңінде – жеке тұлғаның өз орнын табу процесін қолдау: әртүрлі қызмет салаларында маңызды проблемалар спектрін кеңейту және оларды шешудің тәжірибесіне ие болу;
- жалпы орта білім беру кезеңінде – білім алушылардың кәсіптік айқындалу процесін сүйемелдеу, кәсіпке дейінгі дайындықпен қамтамасыз ету.

Қосымша білім берудің білім беру оқу бағдарламаларын іске асырудың басты білім беру нәтижесі барлық қызмет саласында сауатты, білім, жұмыс істеу білігі ретінде баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру болып табылады.

Елді әлеуметтік-экономикалық, индустриялық-инновациялық дамытудың қазіргі заманғы бағыттары қосымша білім беру жүйесінің жаңа тәсілдерін, ұйымдастырушылық нысандарын және жаңғыртуды қажет етеді.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық жоспарда оқушылар сарайларының, үйлерінің, музыка мектептерінің, жас техниктер, натуралистер станцияларының және т.б. жұмыстарына түбегейлі өзгертулер енгізу көзделген. Олардың материалдық-техникалық базасы жаңартылатын болады. Инновациялық нысандардың жаңа технологиялары, балалар интерактивті парктері, технопарктер, мұражайлар, ғылыми үйірмелер және т.б. енгізілетін болады.

Осының бәрі жеке тұлғаның кәсіптік өзін өзі айқындауына, білім алушылардың шығармашылық қызметке деген қажеттіліктерін қалыптастыруға, білім алушылардың шығармашылық зерттеушілік ізденісінің біліктері мен дағдыларын дамытуға ықпал ететін болады.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының білім беру мазмұнының қазіргі кезеңдегі дамуында орын алған үрдістерді ескере

отырып, едәуір саралануын қамтамасыз ететін басымдықтарының ішінде мыналарды атауға болады:

қызметтің жаңа бағыттарын жүзеге асыру (ақпараттық технологиялар, балалар интерактивті парктері, технопарктер, мұражай педагогикасы, журналистика және т.б.)

бағдарламалардың жас ерекшелік диапазонын кеңейту (мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған мектепалды даярлығы, жоғары сынып оқушыларына арналған ұйымдардың желілік өзара іс-қимылы жағдайларында бейінді оқыту)

жеке білім беру бағдарын таңдау құқығын қамтамасыз ете отырып, білім беру бағдарламалары спектрін кеңейту

әртүрлі деңгейлі бағдарламаларды кеңінен енгізу (жалпы мәдени, тереңдетілген, кәсіпке дейінгі деңгейлер)

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың, жетім балалардың және ата-анасының қамқорынсыз қалған балалардың, сондай-ақ күрделі өмір сүру жағдайларында қалған балалардың қосымша білім алу мүмкіндіктерін кеңейту алда тұрған мәселе. Қосымша білім беру оқу бағдарламаларының вариативтілігі, сондай-ақ оларлы іске асыру нысандары қалалық және ауылдық білім берудің арасындағы айырмашылықтарды төмендетуді де қамтамасыз етуі тиіс.

Балаларға қосымша білім беруді дамытудың маңызды бағыттары  
мыналар болуы тиіс:

әртүрлі білім беру  
технологияларын белсенді  
меңгеру (ізденушілік,  
зерттеушілік, жобалаушылық)

әртүрлі қызмет нысандарын  
пайдалану (мектептер,  
қозғалыстар, ойындық, демалыс  
бағдарламалары, ғылыми  
қоғамдар, экспедициялар,  
олимпиадалар)

Білімдер қоғамына көшу жағдайларында қызметті түрлендіру және әртүрлі ведомстволар қатыстырылуы тиіс, өндірістік, сол сияқты әлеуметтік бағыттағы ұқсас балалар ұйымдарын құру арқылы практикаға бағытталған білім беруге көшу қажет. Осыған байланысты, ғылым қаласы, балалар ғылыми мұражайлары, технопарктер, бизнес-инкубаторлар, балалар банктері, фермерлік шаруашылықтар және т.б. сияқты қосымша білім беру ұйымдарының жаңа нысандарын құру.

Қазақстанның білім беру саясаты білім беру саласында жалпыұлттық мүддені білдіре отырып, әлемдік дамудың жалпы үрдістерін ескереді, бұл балаларға қосымша білім беруде едәуір өзгерістер енгізу қажеттігіне негізделеді:

- білімдерді кеңінен дамытуға, өз бетімен білім алуға бейімдеуді, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, әлеуметтік тұрғыда пайдалы қызметке қосуға, кәсіптік және жекебастылық өзін өзі айқындауға, өзін өзі дамытуға және өзін өзі тәрбиелеуге, оларды қоғамдағы өмірге бейімдеуге, толерантты сана қалыптастыруға, маңызды демалыс пен жұмысбастылығын ұйымдастыруға ықпал ететін орта құру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған, балаларға қосымша білім беру жүйесін жетілдіру;

- жастардың нарықтық экономика жағдайындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету мақсатында ведомствоаралық ынтымақтастықты дамыту;

- балаларға қосымша білім берудің әртүрлі білім беру деңгейлерімен өзара іс-қимылындағы бірыңғай білім беру кеңістігін сақтаудың жағдайларын жасау;

- нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, оны қазақстандық заңнамадағы өзгертулерге сәйкес келтіру;

- инновациялық қызметті, ақпараттық технологияларды дамытуға бағытталған, жаңа ұрпаққа білім беру бағдарламаларын әзірлеу;

- кадрлық құрамды сақтау әрі нығайту, қазіргі заманғы талаптарды ескере отырып, олардың кәсіби деңгейін арттыру, қосымша білім берудің материалдық-техникалық базасын, ресурстық қамтамасыз етілуін нығайту.

Балаларға қосымша білім беру ведомствоаралық негізде дамуы тиіс және балаларды қолдау мен дамытудың кепілі болуы тиіс. Еліміздің балаларға қосымша білім берудегі қаржылық шығындары қазақстандық қоғам мен мемлекеттің болашақ дамуына, қоғамның зияткерлік, ғылыми-техникалық, шығармашылық және мәдени дамуының кадрлық әлеуетіне салынған ұзақ мерзімді инвестициялар болып табылады.


### **Жалпы білім беру мектебінде балаларға қосымша білім беруді ұйымдастырудың шетелдік модельдері**

Білім беру реформалары бүгінгі күні әлемнің көптеген дамыған елдерінде жүрде. ХХІ ғасырдың ақпараттық-технологиялық қоғамында мемлекеттер бәсекелестігінде білім беру, ғылым, мәдениет деңгейі, ілгерілеу технологияларын іске асыру және дамыту үшін жағдайлар жасау шешуші роль атқаратыны жалпыға белгілі. Бұл ретте оқытудың бейінді саралануы проблемасы маңызды рөлге ие.

Еуропа елдерінде (Франция, Голландия, Шотландия, Англия, Швеция, Финляндия, Норвегия, Исландия, Данияда) негізгі жалпы білім беру мектебінің 1-ден 6-ға дейінгі сыныптардағы барлық білім алушылары жалпы бірдей дайындық алады. 7-сыныпқа қарай білім алушы өзінің болашақтағы жолын таңдауы тиіс. Әрбір білім алушыға негізгі мектепте білім алуды жалғастырудың екі нұсқасы ұсынылады: «академиялық», ол алдағы уақытта жоғары білімге жол ашады және «кәсіптік», онда көбінесе қолданбалы және кәсіптік пәндер қамтылатын жеңілдетілген оқу жоспары бойынша оқытылады.

ЮНЕСКО-ның халықаралық комиссиясының ХХІ ғасырда білім беру жөніндегі баяндамасында қазіргі адамзат өркениетінің дамуы кезеңінде білім берудің басты міндеті адамның дербес таңдауы үшін, үнемі таңдаудың негізінде дайын болуды және әрекет ету қабілетін қалыптастыру үшін жағдайлар жасау және кез келген жағдайдан күйзеліссіз шыға білу болуы тиіс.

Бейіндік оқытудың қазақстандық моделі халықаралық баспалдақтар ескеріле отырып әзірленген, бейінді оқыту болып табылады және мектепте оқытудың соңғы жылдарын қамтиды.



Олардың ішінде Германия, Швеция, АҚШ, Канада, Франция, Италия, Англия, Қытай және т.б. елдер бар. Қазіргі уақытта бейінді мектепте оқуды жалғастырушы білім алушылар саны кемінде 70%-ды құрайды. [27]

Негізгі мектеппен салыстырғанда жоғарғы мектепте міндетті пәндердің саны едәуір азаяды.

Батыс білім беру моделінің тәжірибесі негізгі мектеппен салыстырғанда жоғарғы мектепте міндетті пәндердің саны едәуір азаятынын және өз кезегінде, бейіндік мектепті бітіру туралы дипломдар ЖОО-ға немесе колледждерге тікелей түсуге құқық беретінін көрсетті.

*Біріккен Ұлттар Ұйымының моделі жоғары сынып оқушыларына қосымша білім берудің халықаралық бағдарламасы болып табылады.* Ол 1968 жылы Гаагада (Нидерланд) пайда болды және қазіргі уақытта әлемнің 90-нан астам елінің жоғары сынып оқушылары мен мұғалімдерін біріктіруде.

*Бағдарламаның негізгі мақсаты:*

білім алушылардың бойында адамзаттың болашағына деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру, әртүрлі елдер мен білім беру жүйелері жастарының арасындағы қарым-қатынас пен өзара іс-қимыл дағдыларын жетілдіру, әлемге өзгенің көзімен қарай білуге тәрбиелеу.

Бағдарламаның мақсаты БҰҰ Жарғысында баяндалған міндеттердің рухына сәйкес келеді. Базалық құндылықтар ретінде бағдарламаға қатысушылар еркіндікті, теңдікті, төзімділікті, зорлықтан бас тартуды және табиғатқа құрметпен қарауды қабылдайды.

Жыл сайынғы конференцияларға дайындалу процесінде білім алушылар БҰҰ тарихымен, жарғысымен, қызметінің негізгі бағыттарымен танысады, өз бетінше ақпарат іздеу дағдыларын меңгереді, қоғамдық-саяси лексика мен парламенттік рәсім негіздерін игереді, халықаралық стандарттарға сәйкес қарарлар түрінде шешімдер ресімдеуге үйренеді. БҰҰ моделі конференцияларының жұмыс тілі – ағылшын тілі. Бағдарламаға қатысушылар шетел тілінде араласудың ресми емес тәжірибесіне ие болады, сабақтарда алынған білімдерін коммуникативтік міндеттерді шешу үшін пайдалануға үйренеді.

*Еуропалық комиссияның «Тұрақты дамытуға арналған білім беру» моделі.* Бұл бағдарлама балаларға болашақ планетаға қауіп төндірмей, өмір сүру сапасын жақсартуға арналған жергілікті және жаһандық сипаттағы жеке және ұжымдық шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін білімдерді, біліктер мен құндылықтарды дамытуға көмектесу мақсатында әзірленді.

Айтарлықтай шамада қазіргі және келешек экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған білім беруді экологиялық білім берумен теңестіруге болмайды. ТДБ тұрақты дамытуға арналған білім беруді тиімді жүзеге асыру үшін проблемалардың біршама кең шеңберін қарастыру қажет; тұрақты дамыту идеялары тұрғысынан қайта бағалау жүргізу және білім берудің құндылық құрамдас бөлігін күшейту. Осыған байланысты экологиялық құндылықтар мен оларды өзектілендіру көрсеткіштерінің тізімі ұсынылған.

1. «Өзара байланыстарға сый көзбен қарау». Табиғи жүйелердегі өзара байланыстарды құрметтеу, осы авторлардың пікірінше, табиғатқа қамқоршылықпен және төзімділікпен қарау; ресурстарды пайдалануда үнемді әрі тиімді болу, тиісті білімдерді (дәстүрлі және ғылыми) басшылыққа алу, тұрақтылықты қамтамасыз ететін саясатты қалыптастыруға жәрдемдесу.

2. Биотүрлілікті құрметтеу – кез келген тірі организмді сыйлау керек және оның адам өмірінде қандай рөл ойнайтынына қарамастан қорғау керек.

3. Қоршаған ортаға түсетін жүктемені барынша төмендету.

4. Биологиялық түрлердің теңдігіне құрметпен қарау – адам барлық түрлерге бірдей қарауы тиіс және оларды дөрекілік пен күйзелістерден қорғауы тиіс.

5. Негізгі адами қажеттіліктерді құрметтеу – әрбір индивид пен қоғамның қажеттіліктері биосфера мүмкіндіктерінің шегінде қанағаттандырылуы тиіс және әрқайсысында өз өмірлерін жақсартуда бірдей мүмкіндіктер болуы тиіс.

6. Ұрпақтардың теңдігін сыйлау – әрбір ұрпақ болашақ ұрпаққа өзіне мирас болған әлемді сол күйінде қалдыруға тырысуы керек. Ол үшін жаңартылмайтын ресурстар мен тұрақты жаңартылатын ресурстарды үнемдеп жұмсау қажет.

7. Адамның құқығын құрметтеу.

8. Демократияны (білім алуға толық қолжетімділік, саяси шешімдерді қабылдауға қатысу мүмкіндігі және т.с.с.) құрметтеу.

Бұл бағдарламаны іске асыруда білім алушыларға тұрақты даму тұжырымдамасын өмірге енгізуге қажет болатын жекебасты қасиеттерді, қабілеттерді ескеру маңызды. Бұл *қасиеттер* мыналар болып табылады:

- жалпыадами құндылықтарды қабылдау;
- бүгінгі өмір сүру салты келер ұрпақтың болашағына әсер ететінін түйсіну;
- қоршаған ортадағы өзара байланыстарды түсіну;
- біздің жергілікті деңгейдегі әрекеттеріміз жаһандық процестерге әсер ететінін түсіну;
- қоршаған ортадағы өзгерістерді талдай білу және осы өзгерістердің салдарына болжай білу;
- қолда бар білімдерді әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдана білу;
- әртүрлі проблемаларды шешудегі ынтымақтастық дағдылары;
- талдамалылық, сыни, шығармашылық ойлай білу қабілеті;
- табиғаттағы және қоғамдағы әртүрлілікке сый көзбен қарау.

*Бағдарламаның мазмұны.* ТДБ мазмұны, негізінен, пәнаралық және құндылық-бағытталушылық. Тұрақты дамытуға арналған білім берудің мынадай негізгі мазмұндық желілерін атап көрсетуге болады:

1. Қоғамдағы, экономика мен табиғаттағы; олардың арасындағы, жергілікті және жаһандық деңгейлердегі өзара байланыстар;
2. Азаматтылық, құқық және жауапкершілік.
3. Болашақ ұрпақтардың қажеттіліктері мен құқықтары.
4. Әртүрлілік – мәдени, әлеуметтік және биологиялық.
5. Өмір сүру сапасы, теңдік және әлеуметтік әділдік.
6. «Тұрақты» өзгерістер – экожүйелердің негізгі қабілеттерінің шеңберінде дамыту.
7. Болжанатын және болжанбайтын болашақ.

*Еуропада тиімді оқыту институтының моделі (IPLE).*

Жоғары сынып оқушыларына кәсіптік ізденісте көмек беретін икемді тұжырымдама әзірлеген, жеткіліксіз мемлекеттік, қоғамдық және жалпымәдени білім беру шеңберінен шығуға көмектесетін мемлекеттік емес ұйым, атап айтқанда - тиімді оқыту, «шынайы өмірдің» практикалық тәжірибесінің негізінде оқыту.

IPLE институты «Қала - мектеп» басты тұжырымдамасының, сондай-ақ «Дизайн», «Телехабарлар жасау», «Бақша өсіру және орман шаруашылығы», «Қоғамдық тамақтану», «Әлеуметтік ынталандыру», «Ғылыми зерттеулер» тақырыптары бойынша отандық және шетелдік оқу мекемелерімен өзара іс-қимылда тиімді оқытудың он моделін әзірледі.

Оның үстіне, Институт Ресейде, Финляндияда, Италияда, Испанияда, Португалияда, Венгрияда тиімді оқытудың халықаралық жобаларын ұйымдастырды. Әзірлемелер нәтижесінде Институт тиімді оқыту идеяларымен біріккен, он сегізден астам елдің қырықтан асатын оқу мекемелерін білдіретін Халықаралық тиімді мектептер жобаларының желісін (INEPS) құрды.

### **Бейіндік мектептерді дамытудың отандық тарихы**

Бейінді оқытуды енгізу Қазақстанның мектепте білім беру жүйесін дамытудағы өзекті әрі маңызды қадам болып табылады.

*Бейіндік оқыту* – білім беру процесінің құрылымын, мазмұнын және ұйымдастырылуына өзгертулер енгізу есебінен білім алушылардың қызығушылықтарын, бейімділіктерін және қабілеттерін барынша толық ескеруге, жоғарғы сынып оқушыларын оқыту үшін олардың кәсіптік қызығушылықтары мен білім алуды жалғастыруға қатысты ниеттеріне сәйкес жағдайлар жасауға мүмкіндік беретін, оқытудың саралау және даралау құралы. [3]

*Бейіндік мектеп* осы мақсатты іске асырудың институционалдық нысаны болып табылады. Бұл негізгі нысан, дегенмен, жекелеген жағдайларда бейіндік оқытуды ұйымдастырудың өзге нысандары, оның ішінде тиісті білім беру стандарттары мен жекелеген білім беру ұйымынан тыс бағдарламаларды іске асыруға шығаратын нысандар перспективалы болуы мүмкін.

Бейіндік оқыту жеке бағытталған оқу процесін іске асыруды көздейді. Бұл ретте оқушының жеке білім алу траекториясын құру мүмкіндігі айтарлықтай кеңейеді. [1]

Бейіндік оқытуға көшу мынадай негізгі мақсаттарды нысанаға алады:

- толық жалпы орта білім беру бағдарламасының жекелеген пәндерін тереңдетіп зерделеуді қамтамасыз ету;



- оқушылардың жеке білім беру бағдарламаларын құрудың кең әрі икемді мүмкіндіктерімен жоғары сынып оқушыларын оқыту мазмұнын едәуір саралау үшін жағдайлар жасау;

- қабілеттіліктеріне, жеке бейімділіктеріне және қажеттіліктеріне сәйкес білім алушылардың әртүрлі санаттарына толыққанды білім алуға бірдей қол жеткізуді орнатуға ықпал ету;

- білім алушыларды әлеуметтендіру мүмкіндігін кеңейту, жалпы және кәсіби білім берудің арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету, мектеп бітірушілерді жоғары кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеруге тиімді дайындау.

Жалпы орта білім берудің жоғарғы сатысын жаңартудың негізгі идеясы мұнда білім берудің барынша даралануы, функционалды әрі тиімді болуына негізделеді.

Қазақстандық білім беру жүйесіне бейіндік оқытуды енгізу міндетін іске асыру мақсатында 2011 жылы еліміздің алғашқы ұлттық жоғарғы оқу орындарының бірі Әл-Фараби ат. ҚазҰУ 9-11 сыныптар базасында бейінді мектеп ашты. Мектеп білім алушыларға қазіргі заманғы білім алу ағынында өз арнасын табуға, болашақ кәсібінің негіздерін меңгеруге, ғылымдарға деген шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі және «мектеп – колледж - бакалавриат - магистратура - докторантура PhD» жүйесі бойынша үздіксіз білім алудың бірегей мүмкіндігін береді.

Оқыту қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша жүргізіледі. Мектеп педагогикалық дамыту бағдарламаларын енгізу бойынша эксперименттік алаң болып табылады және педагогика, психология, философия және саясаттану кафедралары үшін ресурстық орталық болып табылады.

I. Қоғамдық-гуманитарлық модуль – “Филология”, “Тарих және қоғамтану» білім беру салалары шеңберінде білімді кеңейтуге мүмкіндік береді.

- Адам және қоғам
- Отан тарихының өзекті мәселелері
- Жас филолог
- Қазақ тілін сүйушілер
- Синтаксисті тереңдетіп зерделеу және оқушының сөйлеу мәдениеті
- Риторика

II. Жаратылыстану-математика модулі – білім алушылардың “Математика”, “Физика”, “Информатика”, “Химия, биология және экология” бойынша білімдерін кеңейтеді. Бұл модульдің курстарын оқыту процесінде зерттеушілік міндеттерді шешуге және экспериментке көбірек назар бөлінеді.

- Аналитикалық химия негіздері
- Физикалық қоғам
- Экология негіздері
- Жас зерттеуші
- Қызықты арифметика
- Электрондық портфолио құру
- Бағдарламалау тілдері
- Информатика бойынша практикум
- Химия, биология бойынша практикум
- Аса күрделі математикалық есептерді шығару
- Математиканың таңдаулы сұрақтары
- Физикадағы эксперимент

*Әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық университетінің бейінді мектебі* Әл-Фараби ат. ҚазҰУ ректорының 2011 жылғы 11 шілдедегі №236 бұйрығымен құрылды. Жоғарғы оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады, оның қызметі негізгі орта білім берудің, жалпы орта білім берудің білім алушыларын дайындауға бағытталған, қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша кәсіптік білім беруді көздейді.

Бейінді мектепті ашудың *негізгі мақсаты* - бұл қазақстандық білім беру реформасының заманауи талаптарына жауап беретін, қазақстандық және әлемдік білім беру жүйелерінің үздік дәстүрлерін үйлестіретін, мектеп қабырғасынан-ақ білім алушыларды ғылыми-зерттеушілік және эксперименттік қызметке бейімдеуге, белсенді өмірлік ұстанымы бар, халықаралық деңгейде бәсекеге түсуге қабілетті, жоғары білімді жеке тұлғаны тәрбиелеуге мүмкіндік беретін жалпы орта білім берудің инновациялық моделін құруға бағытталған үздіксіз білім беру кластерінің біртұтас жүйесін (бейіндік мектеп → колледж → университет) құру.

Бейіндік мектептің оқу жоспарында маңызды идеяны іске асыру көзделген: жоспардың инвариантты бөлігі бейінді мектептің білім алушыларына білім, білік, дағдылардың жоғары деңгейін алуға кепілдік береді, ал вариативтілік бөлігі өзінің жеке даралығын, өзіндік қабілеттері мен қызығушылықтарын барынша дамытуға мүмкіндік береді, сондай-ақ

бейіндік мектептің болашақ бітірушілерінің кәсіптік бағдарын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бейіндік мектеп Әл-Фараби ат. ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің педагогика және психология кафедрасына арналған ресурстық орта ретінде бейіндік мектепті дамытудың педагогикалық бағдарламаларын енгізу бойынша эксперименттік алаңы болып табылады.

Қазақстандық білім беруді жаңғыртудың тұжырымдамасына сүйене отырып, ҚазҰУ бейіндік мектебі өзінің білім беру қызметінде *мектепті дамытудың 2011-2014 жж. арналған стратегиясының негізгі бағыттарын* айқындады:

- оқу процесінің біртұтастылығы мен бірлігі;
- соңғы мақсат ретінде білім, білік, дағдыға ғана емес, сол сияқты қалыптасушы жеке тұлғаның қасиеттері кешеніне бағытталған дамытатын және тәрбиелейтін оқыту;
- оқыту нысандарының, әдістерінің, құралдарының және тәсілдерінің бірлігі мен көптүрлілігіне құрылған білім берудің үздіксіздігі;
- университеттің педагогикалық ұжымы мен бейіндік мектеп оқушыларының ынтымақтастығы мен шығармашылығы;
- оқытуды интеграциялау және жаңғырту;
- оқу процесін демократиялау, өздігінен білім алу мен өздігінен оқуды дамыту;
- шығармашылық көзқарас, оқытудың әдістері мен нысандарын жетілдірудің жаңа жолдарын үздіксіз іздеу және сынақтан өткізу.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бейінді мектебінің міндеттері:*

- мәдениет деңгейі жоғары, қоғамдағы өмірге бейімделген, кәсіби білім беру бағдарламаларын саналы түрде таңдауға және меңгеруге дайын зияткер тұлғаны қалыптастыру;
- неғұрлым қабілетті және дайындалған оқушыларға жалпы орташа білім алу үшін оңтайлы жағдайлар жасау;
- қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыс-математика сияқты екі бағыт бойынша кәсіби білімге бағдарланған пәндерге сәйкес оқушыларды дайындау;
- тиісті бейіндегі жоғары білім алуға оқушылардың кәсіби бағдарлануы;
- зияткер, жоғары дамыған тұлғаның шығармашылық әлеуетін және тәрбиесін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- мектептің ішінде, сондай-ақ одан тыс білім мен дағдыларды бекіту үшін, сондай-ақ оқушылардың жарысқа деген ынтасын дамыту үшін олимпиадалар мен шығармашылық конкурстарына қатысу;

- жоғары кәсіби білім беру бағдарламаларын игеруге түлектерді дайындау;
- ҰБТ тапсыруға түлектерді дайындау бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- бейінді мектептің білім беру жүйесін ақпараттандыруды қамтамасыз ету бойынша қызметті жүзеге асыру, бейінді мектептің білім беру жүйесінде деректер базасы, Web-технологияларды қалыптастыру және сүйемелдеу.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бейінді мектебі – бұл қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математика сияқты екі бағыт бойынша жоғары сынып оқушылары үшін «Бейінді мектеп» жаңа бейінді оқыту бағдарламасын іске асыру.

### **Тұлғаны жан-жақты дамыту факторы ретінде балалардың жалпы орташа және қосымша білімінің өзара іс-қимылының интеграциялық моделі**

Елдегі заманауи ахуал білім сапасына жаңа талаптар қояды, ол озық даму мақсаттарына сәйкес келуі тиіс. Жалпы білім беретін мектептің білім алушылары «жаңаны жасап шығаруы, түсінуі және игеруі тиіс және өз ойларын жеткізуге қабілетті, шешімдер қабылдай ала білуі, мүдделерді қалыптастырып, мүмкіндіктерді сезіне білуі» керек. Жалпы білім берудің ажырамас бөлігі ретінде қосымша білім жаңа білім беру сапасына қол жеткізу процесіндегі маңызды рөлдердің бірін атқаруы тиіс.

Қосымша білім беру жүйесі балаларды оқытуды дамыту үшін қолайлы мүмкіндіктерге ие:

- қосымша білім беру бағдарламаларын балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, педагог әзірлейді, бұл баланың танымдық даму болмысын бақылауға мүмкіндік береді;
- қосымша білім беру бағдарламалары балалардың өзін-өзі көрсетуіне жәрдемдеседі және басқа қызмет салаларына шығуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ жалпы білім беру нәтижелеріне оң ықпал етеді;
- қосымша білім беру жағдайларында балалар өзінің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыра алады, шығармашылық әлеуетін дамыта алады, заманауи қоғамда бейімделе алады.

Білім беру жүйесінде үздіксіздікті ұйымдастыру міндетті (базалық) және формалдық емес құрылымдарды оң біріктіретін, әрқайсысы үшін

ұтқырлықты, білімге қолжетімділікті арттыруға, әрқайсысына білім, еркін таңдау құқығын алудың жеке жүйесін іске асыру мүмкіндіктерін ұсынуға мүмкіндік беретін ерекше, басқарылатын білім беру кеңістігін құруды білдіреді.

Әлеуметтік ұйымдастыру және үздіксіз білім беруді басқарудың неғұрлым маңызды қағидаты болып вариативтік – инновациялық технологиялар жүйесі ретінде білім берудің объективті әртүрлілігін мойындау және осы әртүрлілікті шынайы өмірде іске асыру болып табылады.

Үздіксіз білім беруді қамтамасыз етудің тиімді тәсілі мектептер мен балаларға қосымша білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігінің интеграциясы болуы мүмкін, оның процесінде жалпы білім беру мүмкіндіктері кеңейтіледі. Ол бағдарламалар сабақтастығы мен мақсаттардың ортақ болуында ғана емес, сонымен қатар әрбір элемент жанындағы элементтерге айтарлықтай әсер ететін бірыңғай білім ортасын қалыптастыруда байқалады.

Инновациялық идея білім беру ұйымдарының өзара іс-қимылының тиімді моделін құруды қамтиды, оның негізін бірыңғай білім беру кеңістігін модельдеуге бағытталған шарттық серіктестік қарым-қатынастар құрайды. Дербес заңды тұлғалар болып қала отырып, мектеп пен мектептен тыс балаларға қосымша білім беру ұйымы бірыңғай нормативтік және ұйымдастырушылық кеңістік шеңберінде жұмыс істейді, бұл ретте білім беру процесі мазмұнының ерекшелігі сақталады, алайда мазмұнының өзі толықтырылады.

Балаларға жалпы орташа және қосымша білім беру ұйымдары қызметінің интеграциясы балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту функцияларын барынша іске асыру тәсілі болып табылатын, бір жағынан, «сыртқы интеграцияны» - жүйенің барлық құрамдауыштарының бірыңғай педагогикалық процеске бағынысты болуын, екінші жағынан, «ішкі интеграцияны» - сапалы жаңа біртұтас етіп қалыптастыруға әкеп соғатын әртүрлі білім беру бағыттары элементтерінің өзара дендей енуін болжайтын әлеуметтік серіктестік факторы ретінде қаралады.

<b>Интеграция нысандары</b>	<b>Интеграция нысандарының сипаттамалары</b>
ішкі интеграция	Интеграцияланған бағдарламалар, білім беру бірлестіктері, құрылымдық бөлімшелер, жалпы ұйымдар шеңберінде интеграция нұсқаларын құру

сыртқы интеграция	Социум, өңірлік (білім беру жүйесі) деңгейінде интеграция нұсқаларын құру
-------------------	---

*Ішкі интеграция нәтижесі:*

интеграция мақсаттарын барлық өзара іс-қимыл субъектілері қабылдады, қоса бағдарлады және түсіне алды;

оқыту және тәрбиелеу жоспарлары мен бағдарламаларының сабақтастығын ұйымдастыруға, жалпы істерді ұйымдастыруға бағытталған бағдарлама, ішкі интеграция жоспары айқындалды;

интеграция субъектілерінің қызметі туралы ақпарат жүйесі әзірленді;

қызмет субъектілері қажеттілікті түсіне алады және ішкі интеграция процестеріне қатысуға ынталанады;

педагогикалық және балалар ұжымдары арасында бірлескен істер жүйелі түрде жүргізіледі, жалпы субъектілер мен ұйымдар өзара дамиды, ынтымақтастық және бірлесіп шығармашылық қатынастары қалыптастырылады;

ішкі интеграция нәтижелерінің мониторингі жүзеге асырылады;

қызмет пен ақпараттық алмасу жүйесі балалардың жеке білім бағдарларын құруға ықпал етеді;

білім беру ұйымдарында «ішкі интеграция» процестерін басқару жүйесі әзірленді.

*Сыртқы интеграция*

1. *Жалпы орташа білім беру ұйымдарымен:* жаппай мәдени іс-шаралар ұйымдастыру; бітіру кештерін өткізу; конкурстар, балалар шығармашылығы фестивальдерін өткізу және өткізуге көмектесу; бірлескен концерттік, демалыс бағдарламаларын жасау; бірлескен шығармашылық жобаларын жасау; қосымша білім беру мамандары, мектептердің психологтары және педагогикалық қызметкерлері үшін біліктілікті артыру курстарын жүргізу және т.б.

2. *Кәсіби жоғары, орташа арнайы оқу мекемелерімен:* студенттердің тағылымдамадан, практикадан өтуі үшін алаңдар беру; ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және сүйемелдеу және т.б.

3. *Әлеуметтік сала ұйымдарымен (ауруханалар, емханалар, интернат үйлері):* қайырымдылық акцияларын, концерттер өткізу және т.б.

4. *Мәдениет және спорт ұйымдарымен:* жарыстарға, турнирлерге, фестивальдерге, концерттік бағдарламаларға қатысу; балалар мерекелік

бағдарламаларын өткізу; конкурстар, балалар шығармашылығы фестивалдерін ұйымдастыруға көмектесу және өткізу және т.б.

5. *Әкімшілік ұйымдарымен (жастар бөлімі, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссия және т.б.):* балалар және жастар бастамаларын қолдау; күнтізбелік күндерге концерттік бағдарламаларды ұйымдастыру; аудандық мерекелер өткізу; аддиктивті және девиантты мінез-құлқы бар балалармен профилактикалық жұмыс жүргізу; кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияны психологиялық сүйемелдеу және т.б.

*Білім беру ұйымдары арасындағы қатынастар деңгейлері:*

*тату көршілік* (мектеп БҚБҰ-ның бар екені туралы біледі және онда өз тәрбиеленушілерінің оқуына жақсы тұрғыдан қарайды, негізгі ақпаратпен алмасу болады);

*серіктестік* (ұйымдар жеке жалпы аудандық немесе жалпы қалалық іс-шараларға байланысты ынтымақтастық үшін мүмкіндік табады; жеке проблемаларды шешу үшін бір-бірінің материалдық және кадрлық мүмкіндіктерін тартады; сол ұйым өз серіктестігінің айқын көмегіне сүйене алады).

*интеграциялық* (ұйымдар бірыңғай білім беру кеңістігін құра алады, онда екі автономдық ұйым ортақ проблемаларды шешеді және іс-қимылдарды бір-бірімен келіседі).

*БҚБҰ және мектептің ынтымақтастық нысандары:*

- Жалпы білім беру мектептерінің қабырғаларында балалардың жеке шығармашылық бірлестіктерін құру;
- БҚБҰ базасында кейбір жалпы білім беру пәндері бойынша сабақтар өткізу;
- балаларға қосымша білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін әртүрлі тәрбие іс-шараларын өткізу үшін жағдайлар жасау;
- пәндік олимпиадалар, фестивальдер, мектептер мен балаларға қосымша білім беру ұйымдары күштерінің конкурстарын өткізу;
- БҚБҰ қабырғаларында білім алушылардың оқу-зерттеу қызметін ұйымдастыру және т.б.

Білім беру өзара іс-қимылы бір-біріне қатысты жүйеде ұйымдардың тең жағдайына және білім беру ұйымдары арасында ресурстармен, ақпаратпен алмасу және білім алушылардың орын ауыстыруы болатын көлденең байланыстардың алуан түрлілігіне негізделген. Өзара іс-қимылға қатысатын әрбір ұйым оның барлық бірлескен ресурстарына қолжетімділікті алады және сонымен өз мүмкіндіктерін күшейтеді. Білім алушылар білім беру қызметтерінің неғұрлым кең спектрін алу және өздерінің жеке жоспарларын құру мүмкіндігін алады.[23]

Ынтымақтастық нысаны жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының жүйелі түрде жақындасуы және өзара іс-қимыл жасауы негізінде тізбектелген білім беру процесінің инновациялық моделі ретінде шығады. Жалпы және қосымша білім берудің бірыңғай білім кеңістігі жаңа теориялық білімдердің пайда болу кезеңі ретінде оқу қызметін, берілген жағдайларда алынған білімдерді сынақтан өткізу бойынша сабақтан тыс қызметті және кенеттен пайда болатын жағдайларда өмірлік проблемаларды шешу кезеңі ретінде күнделікті өмір практикасындағы әлеуметтік-шығармашылық қызметті қамтиды.

Ұсынылатын модель білім беру стандартында мәлімденген экологиялық парадигмаға сәйкес мектепте алынатын білімдердің білім алушылардың тікелей практикасы мен нақты өмірлік проблемаларымен тығыз байланысының қажеттілігін жария ететін білім алушылардың бірыңғай білім беру кеңістігін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Аталған өзара іс-қимыл моделі балалардың сабақтан тыс қызметі мен қосымша білімінің жалпы бағдарламалық-әдістемелік және оқиғалық кеңістігін құруды болжайды. Модельдің артықшылықтары бала үшін қызығушылықтары бойынша балалар бірлестіктері бағыттарының спектрі негізінде кең таңдауды ұсыну, баланың еркін өзін-өзі айқындау мен өзін-өзі көрсету мүмкіндіктерін, білікті мамандардың сабақтан тыс қызметін жүзеге асыруға тарту, сондай-ақ балаларға қосымша білім беруге тән білім беру процесін ұйымдастырудың практикалық-бағдарланған және қызметті негізінен тұрады.

Ересектер мен балалар қызметінің бірлескен нысаны ретінде жобалауды енгізу үшін, өздерінің іс-қимылдарын жобалауға білім алушылардың қабілеттерін қалыптастыру үшін қосымша білім берудің білім кеңістігінде *дайындық, тәжірибе және көрсету* сияқты бірнеше кіші кеңістіктерді бөлу қажет, себебі дәл осы үш кезең жоба, зерттеу құрылымында, сол сияқты жеке жауапты іс-қимыл құрылымында бөлінеді. *Дайындық* ойлануды тұжырымдау, ықтимал іс-қимылдарды жоспарлауды білдіреді. *Тәжірибе* ойлануды жүзеге асыру сынағын, бастапқы іске асыруды білдереді. *Көрсету* ойлануды түпкілікті іске асыруды, ойланған және іске асырылғанның байланысы туралы өзіндік есепті болжайды. Ұсынылған модельде білім беру өзара іс-қимылының құрылымы үш бағытпен ұсынылған:

«Білім беру бағдарламалары» (*дайындық кеңістігі*);

«Балалар бастамаларын дамыту» (*тәжірибе кеңістігі*);

«Білім беру жағдайы» (*көрсету кеңістігі*).

«Білім беру бағдарламалары» бағытын іске асыру балалардың танымы мен тілдесуіндегі алуан түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға



бағытталған, олар мектептегі пәндік оқыту шеңберінде әрқашан іске асырылуы мүмкін емес. Дербес әлеуметтік тәжірибе алу, ұжымдық жобаға қатысу мүмкіндігін ұсыну, оның процесінде жаңа жағдайда сабақтарда алынған білім бекітіледі және қолданылады, әлеуметтік шығармашылық мүмкіндігі ұсынылады. Бұл ретте жалпы білім берудің негізгі қағидаты – таңдау негізінде «жеке кеңістіктер» құруды болжайтын білім беру вариативтілігі қағидатын іске асыру мүмкін.

Балалар мен жасөспірімдердің қызығушылықтарына, табиғи икемділіктеріне және қабілеттеріне сәйкес олардың «таңдау алаңын» кеңейтуге қосымша білім көмектеседі, оның ерекшелігі білім беру бағдарламасында шығармашылық ынтымақтастықтың ерекше әдістемесін құрастыру, педагог пен баланың бірлескен өнімді-бөлінген қызметі, белсенді және қарқынды оқыту әдістемесі қажеттілігіне негізделеді. Білім беру бағдарламаларын жобалауда интегративті тәсілді мазмұнның метапәндік немесе пәннен жоғары деңгейіне шығуға мүмкіндік беретін, білім алушылардың функционалдық сауаттылығы мен құзыреттілігін (кұқықтық, ақпараттық, экологиялық, этикалық, көркем) және тиісінше зерттеу, жобалық, рефлексивті сияқты меташеберлігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін метабағдарламалар құру негізінде қамтамасыз ету мүмкін.

*«Балалар бастамаларын дамыту»* бағытының идеясы балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік-маңызды проблемаларды (конкурстар, фестивальдер, желілік конференциялар мен форумдар, әлеуметтік-маңызды жобаларды әзірлеу және іске асыру) шешуге тарту тетіктерін әзірлеу және енгізу, білім алушылардың дербес қоғамдық іс-қимыл жасау тәжірибесін алуы, балалардың шығармашылық бастамаға (идеяның туындауы, идеяны іске асыру, идеямен жұмысты талдау, рефлексия) ынтасын қалыптастыру арқылы іске асырылады. Осы кезеңде білім алушылардың жобалау және зерттеу қызметінің негіздері мен стратегиялық ойлау элементтерін игеруі, тұлғаның әлеуметтік сынақтары үшін жағдайлар жасау, балалар мен жасөспірімдердің азаматтық іс-қимыл дағдыларын қалыптастыру болады.

Жалпы мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу, өзін өте жақсы жағынан көрсету шеберлігін қалыптастыруды кіші жастан бастау қажет. Бұл үшін баланы белгілі бір жағдайды жобалауға, құруға және жеңілуге немесе білім беру оқиғасына қатысуға қосудан жақсы басқа ештеңе жоқ. Баланың қызығушылықтары мен табиғи дарынын ескере отырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдайлар жасау, олардың шығармашылық қызмет тәжірибесін алуы, жобалық, коммуникативтік және әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру «Білім беру оқиғасы» бағытын іске асыру

кезінде болады. Білім беру оқиғасы бала өзінің қасиеттерін көрсетіп қана қоймай, сондай-ақ басқадан өзі әлі игермеген нәрсені үйрене алатын осындай жағдайды жасауға мүмкіндік беретін балалардың пәндік білімдері мен қызметінің интеграциясын болжайды. Білім беру оқиғасын дайындау кезінде мектеп бағдарламаларының пәндік мазмұны мен қосымша білім беру бойынша бағдарламалардың қызметті тәсілі шатасуы, білім алушылардың заманауи қызмет түрлері мен коммуникация тәсілдерін игеруі, әлеуметтік және мәдени өзін-өзі айқындау проблемалары ішінара шешілуі мүмкін. Осы жағдайда тиімді біріктіруші элемент – оқу пәндерінің мәдениеттану құрамдауышын пайдалануға мүмкіндік беретін оқиғаның мазмұны.

Білім алушыларға жалпы және қосымша білім беру арасында инновациялық мазмұнды ұтымды бөлу оларды мектеп пәндерін неғұрлым терең зерделеуге ғана емес, сондай-ақ шығармашылық тапсырмаларды шешу үшін мектеп білімдерін практикалық пайдалануға жақындата отырып, жаңа мүмкіндіктерді ашады.

Жалпы орташа білім беру деңгейінде бейінді оқытуды тиімді ұйымдастыру ерекше ресурстық қамтамасыз етуді талап етеді. Жоғары сынып оқушыларын сапалы оқытуды ұйымдастыру үшін ауылдық жерде және шағын қалаларда бір жиынтықты және көп жиынтықты мектептер жағдайларында аса өзекті болатын балаларға қосымша, орташа кәсіби білім беру ұйымдарының, жоғары оқу орнына дейінгі білім берудің әртүрлі құрылымдарының, қашықтықтан білім берудің, сырттай білім беру мектептерінің білім ресурстарын пайдалану орынды болып отыр.

Республиканың білім беру ұйымдары қызметінің практикасында бірнеше заңды тұлғалардың жалпы орташа білім беру деңгейінде бейінді оқытуды ұйымдастыру үшін материалдық, оқу, кадрлық және өзге де ресурстарды бірлесіп пайдалануының әртүрлі нысандары қалыптаса бастады. Білім алушы үшін бұл көрсетілген бағдарламаларды іске асыратын білім беру ұйымдарының ведомстволық тиесілілігіне қарамастан оған қажетті оқыту курстары мен білім беру бағдарламаларын дербес және жауапты таңдау мүмкіндіктерінің неғұрлым кең спектрін қамтамасыз етеді.

Білім беру ұйымдарының өзара іс-қимылын қолдау және бейінді оқытудың білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін олардың арасындағы қалыптасқан қарым-қатынастарды нормативтік реттеу білім беру ұйымдарының арасында желілік өзара іс-қимылды ұйымдастыру кезінде мүмкін болады.

Білім беру ұйымдарының желілік өзара іс-қимылы – осы ұйымдардың бірлескен қызметі, оның нәтижесінде бірнеше білім беру

ұйымдарының ресурстарын пайдалана отырып, белгілі бір деңгейдегі және бағыттағы білім беру оқу бағдарламаларын игеру үшін бірлескен топтар қалыптасады.

Білім беру ұйымдарының желілік өзара іс-қимылын ұйымдастырудың қажетті шарттары:

а) желіге кіретін білім алушылар және (немесе) ұйымдар педагогтерінің орын ауыстыруларын жүзеге асыру мүмкіндігі;

б) желіде білім алушыларға таңдау мүмкіндігін беретін, жоғары сынып оқушыларының білім қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруды қамтамасыз ететін әртүрлі ұйымдардың болуы;

в) білім алушылар желілік өзара іс-қимылға қатысушы ұйымдарда игерген оқыту курстары мен білім беру бағдарламалары бойынша нәтижелер сынағын ұйымдастыру мүмкіндігі.

Бейінді дайындық алдындағы және бейінді оқытудың білім беру бағдарламаларын іске асыруға байланысты бірлескен белгілі бір мақсаттарға бағдарланған желіге барлық қатысушылардың білім беру қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, бірнеше білім беру ұйымдарының білім алушыларының білімін бейімдеуге бағытталған білім беру ұйымдарының қызметін ұйымдастыру өзгереді.

*Балаларға мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдары мен мектептің ынтымақтастық нысандары:*

➤ жалпы білім беру мектептерінің қабырғаларында балалардың жеке шығармашылық бірлестіктерін құру;

➤ балаларға қосымша білім беру ұйымдары негізінде кейбір жалпы білім беру пәндері бойынша сабақтар өткізу;

➤ балаларға қосымша білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін әртүрлі тәрбиелеу іс-шараларын өткізу үшін жағдайлар жасау;

➤ мектептер мен балаларға қосымша білім беру ұйымдарының күшімен пәндік олимпиадалар, фестивальдер, конкурстар өткізу;

➤ балаларға қосымша білім беру ұйымдарының қабырғаларында білім алушылардың оқу-зерттеу қызметін ұйымдастыру және т.б.

### *Үйлестіру кеңесі*

Білім берудің қосымша және басқа салаларының интеграциясы жөніндегі үйлестіру кеңесі білім беру ұйымдары, білімді басқару органдары, қоғамдық ұйымдардың қызметін үйлестіру мақсатында құрылады.

*Кеңес қызметінің мазмұны (функциялар):*

➤ *Үйлестіруші (жетекші функция)* – өңір шеңберінде білім беру ұйымдары мен білім берудің қосымша және басқа салаларының интеграциясы жөніндегі білімді басқару органдарының мақсаттарын, міндеттерін және қызметін үйлестіру.

➤ *Ұйымдастырушы – сыртқы* интеграцияны (білім беру ұйымдары арасындағы өзара іс-қимыл), сол сияқты ішкі интеграцияны (ұйымдар ішінде) баланың тұлғасын дамыту жағдайы ретінде ұйымдастыру.

➤ *Диагностикалық* – өңір шеңберінде білім берудің қосымша және басқа салаларының интеграциясы процестерінің жай-күйі мен нәтижелеріне диагностика өткізу.

➤ *Ынталандырушы* – өзара іс-қимыл және білім берудің қосымша және басқа салаларының интеграциясы процестеріне қатысуды ұйымдастыруға (педагогикалық қызметкерлер, балалар, ата-аналар, өңірдің жұртшылығының) дәлелдерін қалыптастыру.

➤ *Ақпараттық* – проблемаларды шешу интеграцияны ұйымдастыру кезінде ғана мүмкін оларды өзектілендіру, сондай-ақ білім берудің қосымша және басқа салаларының интеграциясы процесінің жай-күйі мен нәтижелері туралы ақпарат тарату.

Елдің балаларына қосымша білім беру ұйымдары қалыптастырған бірегей тәжірибе бүгінгі күні мектепке жалпы білім берудің жоғары сатысында бейінді оқытудың мақсаттарына қол жеткізуге көмектесе алады. Әрбір қосымша білім беру бағдарламасында бейінділік – бейінді дайындық алдындағы және бейінді оқыту қалыптасты.

### **Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының білім беру саясатының көшбасшысы ретінде әлеуметтік-салалық құрылымға интеграциясының моделі**

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарын жаңғыртудың негізгі бағыты балалар мен жастардың тиімді білім алуына қоғам мен мемлекеттің сұраныстарына жауап беретін жұмыс істейтін жаңғырту тетіктерінің құрылуы болуы тиіс. Балаларға қосымша білім беру ұйымдары қызметінің білім беру саясатының көшбасшысы ретінде әлеуметтік-салалық құрылымға тиімді интеграциясы нәтиже болуы тиіс.

Бұл келесі қазақстандық социум субъектілерінің мүдделерін келісуді және мазмұнды кооперациясын үйлестіруді болжайды:

- қалыптасқан, қоғамда танымал адамдар, өз салаларында жетекші ұстанымдарға қол жеткізген замандастар, олардың артында өздерінің кәсіби мектептерін, шағын академияларын, студияларын, клубтарын, шеберханаларын және т.б. дамытуға мүдделі тиісті кәсіби қоғамдастықтар тұрады;

- жас, дарынды, жақсы дайындалған (білікті) кадрлардың келуіне мүдделі жетекші, табысты салалық ұйымдар;

- білім алушылардың уәждеделген контингентін мақсатты тартуға мүдделі білім беру ұйымдары, олар үшін кәсіби қызмет перспективаларын ашады, бейінді оқыту жүргізеді және нақты мамандыққа бағдарлайды (оның ішінде өндірістер үшін білікті жұмысшылар);

- неғұрлым қабілетті және оқуға уәждеделген талапкерлерді тартуға және оларды одан әрі жұмысқа орналастыруға мүдделі жоғары оқу орындары.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдары (олардың тақырыптық бөлімшелері) көрсетілген мүдделерді келісу үшін алаң болуы тиіс. Осылайша, балаларға қосымша білім беру ұйымдарымен ынтымақтастыққа тізбектелген тараптардың қызығушылығы пайда болады, себебі оның педагогикалық ұжымы негізгі қызметтің адами ресурстарын қамтамасыз ету бойынша олардың қажеттіліктерін кәсіби түрде қанағаттандырады. Балаларға қосымша білім беру ұйымы ұйымдар мен халық тарапынан талап етілетін білім беру қызметі нысандарының моделін негізгі ұйымдастырушы, осы бірлескен жұмыстың негізгі «кредиттеріне билік етуші» және «акцияларының иесі» болады.

Әртүрлі ұйымдардың ресурстарын интеграциялайтын және барлық қатысушылардың сұраныстарын тиімді қанағаттандыратын Сарай құрылымында тұрақты жұмыс істейтін «авторлық академия» немесе салалық білім беру академиясын (мектептер, зертханалар, шеберхана және т.б.) құру нәтиже болады.

*Авторлық академияны құру кезеңдері:*

- балаларға қосымша білім беру ұйымдарының әрбір бөлімшесі өз қызметінің бейініне сәйкес өз саласындағы (ғылым, спорт, өнер, қоғамдық қызмет және т.б.) танымал, беделді адамды брэнд, білім алушылар үшін үлгі және өзінің білім беру қызметі бағытының «визит карточкасы» ретінде айқындайды. Бұл адам ресми түрде құрметті түлек, қамқоршы, ғылыми жетекші және т.б. ретінде шақырылады;

- серіктестікке (сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі деңгейінде) өз саласында танымал және табысты, қоғамдық түрде

танылған нәтижелерге (ғылыми-зерттеу институты, спорт федерациясы, әскери бөлім және т.б.) қол жеткізетін салалық ұйым (әдетте осы адаммен байланысты) шақырылады. Бұл ұйым білім беру деңгейі мен сапасының «гаранты», болашақта неғұрлым дарынды білім алушыларға әлеуетті жұмыс берушілер ретінде шығады. Ұйымда функционалына оқушылармен жұмысты үйлестіру кіретін арнайы бөлімше құру қажет, ол білім беру қажеттіліктері үшін барлық салалық ұйымдардың ресурстарын пайдаланудың қойылған мақсатына жауап береді және нормативтік түрде қамтамасыз етілуі мүмкін. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының және салалық ұйымдардың өзара қарым-қатынастары арнайы келісіммен реттеледі;

– тиісті бағыттағы (қосымша білім беру ұйымдары үшін) немесе бейіндегі (мектептер үшін) білім беру оқыту бағдарламалары іске асырылатын білім беру ұйымдарының желісі (мектептер, шығармашылық орталықтары) қалыптасуда. Бұл бағдарламалар балаларға қосымша білім беру ұйымдарының мамандарын консультациялық сүйемелдеу кезінде әзірленеді және іске асырылады;

– таңдаулы қызметте жоғары нәтижелерге қол жеткізген неғұрлым дарынды білім алушыларды мақсатты қабылдау және дайындауға бейінді жоғары оқу орны, салалық ұйым және балаларға қосымша білім беру ұйымдарының арасында келісім жасалады. Оларды дайындау үшін жеке курстарды ұйым қызметкерлері оқиды, сондай-ақ оның негізінде өндірістік практика ұйымдастырылады. Осындай білім алушыларды анықтау балаларға қосымша білім беру ұйымдары ұйымдастыратын конкурстық іс-шаралар арқылы болады.

Бұл ретте, балаларға қосымша білім беру ұйымының орталығы (бөлімі) мынадай функцияларды іске асырады:

– жалпы білім беру мектептері негізінде жұмыс істейтін оқыту топтары мен бейінді сыныптарын ұйымдастырушылық және әдістемелік сүйемелдеу;

– өз базасында білім алушылардың жасына және деңгейіне сәйкес келетін, кәсіби әдістемелерге негізделген қосымша білім берудің білім беру оқыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру; осы бағдарламалар бойынша оқуға жалпы білім беру мектептерінен неғұрлым қабілетті білім алушыларды тарту;

– дарынды білім алушыларды анықтау, оларды жеке кәсіби даярлау алдындағы бағдарламалар бойынша даярлау;

– неғұрлым дарынды білім алушыларды бейінді ұйымдарға бекіту арқылы оларды кәсіби дамытудың жеке траекторияларын құру; жеке білім

беру бағдарламалары мен жоспарларды әзірлеуді қоса алғанда, оларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу;

– мынадай функциялармен жаппай конкурстық іс-шаралар (конференциялар, фестивальдер, жарыстар және т.б.) ұйымдастыру және өткізу:

жетістіктер бойынша оқушылардың аралық және қорытынды аттестациясы;

оқушыларды кәсіби сараптамалық қоғамдастықпен таныстыру;

«дарындылар жәрмеңкесі», онда жоғары оқу орындары мен бейінді ұйымдардың өкілдері перспективалы оқушыларды әртүрлі ынтымақтастық нысандарына шақырады.

Іс-шаралар жоспары облыстар әкімдіктері, Астана және Алматы қалаларының деңгейінде бекітіледі, іс-шараларды бейінді жоғары оқу орындары мен ұйымдары жұмысының жоспарларына енгізу ұсынылады; олар БАҚ үшін маңызды ақпараттық оқиғалар болып табылады;

– БАҚ жұмысын үйлестіруді және билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына ресми ақпарат беруді қоса алғанда, қызметті ақпараттық жариялау.

Бұл ретте, балаларға қосымша білім беру ұйымдарының әрбір бөлімшесінде барлық ниеті бар оқушыларға сапалы білім беретін топтардың желісі сақталуда; осылайша, балалар мен жастардың қолжетімді сапалы білім алу қажеттілігі қанағаттандырылады. Бұл желі неғұрлым дарынды оқушыларды кәсіби дайындауға дейін шығатын эксклюзивті білім берудің «пирамидасының» негізі болып табылады.

Ұқсас модельдер білім беру қызметі сапасының үлгісін бере отырып, оның кең қоғамдық танымалдылығын қамтамасыз ете отырып, балаларға қосымша білім беру ұйымдары қызметінің (ғылыми-практикалық білім беру, әлеуметтік мәдени қызмет, экология, көркем шығармашылық және өнер саласында және т.б.) барлық бағыттары бойынша іске асырылуы мүмкін; балаларға қосымша білім беру ұйымдарын білім беру қызметіне тартуға және оның неғұрлым танымал замандастарды мазмұнды дамытуы үшін жауапкершілікті жүктеуге мүмкіндік береді. Бұл әлеуметтік талап етілетін білім беру, жас қазақстандықтардың әлеуметтік мәдени қызметі мен демалысының мазмұны саласында балаларға қосымша білім беру ұйымдарының үстемдік ұстанымдарын қамтамасыз етеді; жалпы білім беруді дамыту бағыты болады.

## **Ұлттық балалар мен жасөспірімдерге арналған интерактивтік парк – инновациялық қосымша білім беру ресурсы**

Мемлекеттік білім беруді дамыту жөніндегі 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру міндеттерін шешу білім беру сапасын, оның қолжетімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында балаларға **қосымша білім беру жүйесінің әлеуетін пайдалануға мүмкіндік береді.**

Мемлекет басшысы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуды басым міндет етіп белгіледі. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары әзірленді. Бағдарлама шеңберінде республиканың қосымша білім беру ұйымдарында балалар мен жасөспірімдерге арналған алты инновациялық интерактивтік парк ашу көзделген.

Шығармашылық орталықтарын, балалар экологиялық-биологиялық орталықтарын заманауи жоғары технологиялық кешендермен, жылыжайлармен жарактандыру мектеп оқушыларының шығармашылық және инновациялық қызметке қызығушылықтарын дамыту үшін қосымша ынталандыру болады. Жас қазақстандықтардың шығармашылық және ғылыми-білімдік әлеуетін дамыту осындай кешендер құрудың басты идеясы болып табылады.

**Мамандар, кәсіпқойлар, өз ісінің шеберлері** балаларға **қосымша білім беруді жүзеге асырады**, бұл оның жан-жақтылығын, тартымдылығын, бірегейлігін, түптеп келгенде – практикаға бағдарланған білім беру ретінде оның нәтижелілігін қамтамасыз етеді.

Астана қаласындағы жаңа Оқушылар сарайы – астананың балаларына арналған қосымша білім беретін бірегей ұйым. Әрбір бала сарайға барып, өз арманын жүзеге асырады, жаңа да қызықты нәрселерді танып біледі. Мұнда Қазақстан Республикасының азаматы және патриоты, кәсіби, зияткерлік және әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті болашақ маман ретінде оқушының қалыптасуы, дамуы мен өзін-өзі көрсетуі үшін барлық жағдай жасалған.

Креативті, жоғары технологиялық және инновациялық Сарай балалар мен ата-аналардың алуан түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді, баланың дамуына және жаңаша ойлауын – өзіне және өз Отанына пайда әкеле алатын табысты адамдардың, жас зияткерлердің және бәсекеге қабілетті шығармашыл адамдардың ойлауын қалыптастыруға ықпал етеді.

Сарайда зертханалар, балалар бірлестіктерінің жұмыс істеуіне арналған оқу кабинеттері, 3D-технологияларды қолданумен, панорамалық



сфералық және планетарлық проекциялары бар Планетарий, Обсерватория, 300 орынға арналған көп функционалды Концерт залы, 500 орынға арналған драма театры, интернет-орталық, медиа-орталық, Қысқы бақ, форумдар, диспуттар, дебаттар өткізуге арналған 264 орындық зал, балалар драма театры, жеңіл атлетика және баскетбол залдары, күрес пен теннис сабақтарына арналған залдар, халық, спорттық-бал және қазіргі заманғы билерді үйрену сабақтарына арналған залдар, қазақ халық аспаптары оркестріне арналған үй-жай, театр, хор студиялары, көркем галерея, мұз айдыны және жүзу бассейні бар.



Астана қаласының Оқушылар сарайы



Білім алушыларға қосымша білім беру Оқушылар сарайы қызметінің негізгі мәні болып табылады, қосымша білім берудің мынадай түрлері бар:

*зияткерлік білім* – математика, химия, биология, экология, биотехнология, гендік инженерия, физика, астрономия, аэрокосмонавтика, информатика, бағдарламалау, нанотехнологиялар мен жаңа ақпараттық технологиялар сияқты ғылымның негізгі бағыттары бойынша;

*техникалық шығармашылық* – радиоэлектроника, робот техникасы, авиа- және тікұшақ моделін жасау, ғарыштық модельдеу, кеме моделін жасау, автомобиль моделін жасау;

*лингвистика* – қазақ, орыс, ағылшын, француз, түрік және қытай тілдерін оқып-үйрену;

білім алушыларға *көркем-эстетикалық білім беру* – сурет өнері, декоративтік-қолданбалы өнер, қазіргі заманғы дизайн, мүсін және керамика, ағашты ою, киім конструкциялау және модельдеу, актерлік шеберлік, шешендік өнер, қазақ ұлттық музыка өнері, халық аспаптары оркестрі, вокал, хореография;

*дене тәрбиесі* – хоккей, мәнерлеп сырғанау, жүзу, көркем гимнастика, каратэ, годзюрю каратэ-до, қазақша күрес, таэквон-до, дзю-до, тоғыз құмалақ, шахмат, жеңіл атлетика, үлкен теннис, баскетбол, волейбол, футбол, грек-рим күресі және басқа да спорт секциялары.

Оқушылар сарайында нәтижеге бағдарланған білім деп аталатын қажетті жемісті қорытынды интеллектің, өнер мен спорттың шығармашылық өзара іс-қимылы арқылы береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасын іске асыру үшін жас қазақстандықтардың шығармашылық және ғылыми-білімдік әлеуетін дамыту мақсатында Астана қаласындағы «Оқушылар сарайы» МКҚК-де Балалар мен жасөспірімдерге арналған Ұлттық Интерактивтік Парк құрылды, онда ғылымның, техниканың, спорт пен өнердің барлық бағыттары бойынша интерактивтік стендтер мен экспонаттардың үлкен кешені берілген. Ұлттық Интерактивтік Парктің негізгі мақсаты: жеке тұлғаның қоғам мен мемлекеттің өзекті және перспективалы қажеттіліктеріне сәйкестігі, қоғамда әлеуметтік бейімделуге, еңбек қызметін бастауға, өз бетінше білім алуға, өзін-өзі жетілдіруге қабілетті республиканың жан-жақты дамыған азаматының тұлғасын қалыптастыру.

*Ұлттық Интерактивтік Парк міндеттері:*

- интерактивтік технологияның арнайы құралдары: тренажерлер, интерактивтік міндеттер, объектілерден жүйелерді конструкциялаудың көмегімен белсенді оқытуды дамыту, олардың қасиеттері мен модельдерге келтіруді, виртуалды зертханалық жұмыстарды зерттеулер;

- практикалық негізде білім беру процесін құруға мүмкіндік беретін шығармашылық оқыту тәсілі ретінде интерактивтік технологияларды қолдануды кеңінен танымал ету.

Қазіргі заманғы ғылыми зертханалармен, спорттық жабдықтармен және интерактивтік экспозициямен жарақтандырылған *Ұлттық Интерактивтік Парк* (бұдан әрі - ҰИП), келушілерге зерттеулер жүргізуге

және белсенді танымдық қызмет етуге мүмкіндік бере отырып, олардың білімге құштарлықтары мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. ҰИП - білім алушылар да, студенттер де және балаларымен бірге отбасылар да келетін орын, онда олар ерекше экспонаттармен – интерактивтік білім беру аттракциондарымен өзара іс-қимыл барысында жаратылыстану заңдарымен және қағидаттарымен танысады.

ҰИП халықтың технологияларға және инновациялар мен жаратылыстану-ғылым білімінің құндылығына қатысты көзқарастарына деген ортақ сезімнің қалыптасуы үшін маңызды катализаторға айналды.

*Негізгі тақырыптар және аймақтарға бөлу.*

ҰИП-тегі көрменің бір бөліктерін мазмұны жағынан толықтыру тақырыптарға және қазір жұмыс істеп жатқан зертханалардың, үйірмелер мен секциялардың орналасуына негізделген.

Ұлттық интерактивтік парк үш шешуші кластерден тұрады:

- *ғылым және технологиялар;*
- *спорт және денсаулық;*
- *өнер, би және музыка.*

Аталған тақырыптар салалық кіші бөлімдерге бөлінген, оларға интерактивтік экспозицияның бір бөліктері арналатын болады.

*Интерактивтік экспозициялар аймақтары*

I қабат	«Айнарудың көп түрлілігі» кинетикалық мүсіні, демалысқа арналған аймақ, қабырғадағы бейнепанель
II қабат	Ғылым мұражайы
III қабат	«Анатомия», «Спорт», «Адам организмінің мүмкіндіктері», «Сезім және қабылдау», «Табиғат және жер туралы ғылым» (оның ішінде «Биология», «География», «Геология», «Ауыл шаруашылығы туралы ғылым», «Судың физикалық қасиеттері»)
IV қабат	«Математика», Бөбектерге арналған аймақ, «Астрономия», «Физика», «Нанотехнологиялар», «Сұйықтықтар механикасы және аэродинамика», «Энергияның баламалы көздері» (оның ішінде атом, күн, жел, гидро-, геотермалды энергия және биомассадан алынатын энергия), «Цифрлық өндіріс» (Fablab), «Өнер және мүсін», «Сән», «Музыка және би», «ТҰО (НЛО)».

ҰИП құру жөніндегі жоба құрылымы мынадай 4 бағыттан тұрады:

- ғылыми экспонаттар мен стендтер кешені ;
- білімді визуализациялау;
- ғылым және өнеркәсіп мұражайы;
- Wiki білім банкі.

ҰИП-тің ғылыми және білімдік құрамдас бөліктері Қазақстан Республикасындағы ғылыми әлеуетті ескере отырып, және Астана қаласындағы ғылыми қоғамдастықпен, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия

Ұлттық Университетінің мамандарымен және ғалымдарымен тығыз ынтымақтастықта әзірленді.

Астана қаласындағы Оқушылар сарайы сараптамалық педагогикалық жүйе болып табылады, онда зерттеулер жүргізіліп, жаңа білім беру бағдарламалары, бейінді жоғары оқу орындары мен кәсіпорындардың талаптары ескеріле отырып, қосымша және базалық білім берудің заманауи технологиялары мен әдістемелерін әзірлеу және бейімдеу жүзеге асырылады.

Оқушылар сарайының бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етілуінің мақсаты мен міндеттері жалпы даму стратегиясын, педагогикалық қызметтің негізгі қағидағтарын, балаларға арналған қосымша білім беру жұмысының басты мазмұнды желілерін көрсетеді.

Ол нақты шаралар жүйесі – дидактикалық, бағдарламалық, әдістемелік материалдар дайындау және басып шығару; түрлі семинарлар, консультациялар, әдістемелік кеңестер өткізу арқылы жүзеге асырылады.

Мұнда қосымша білім берудің нысаналы, авторлық, эксперименталдық білім беретін оқу бағдарламалары әзірленеді.

**ҰИП** экспонаттарын бағдарламалық қамтамасыз ету білім алушыларға оқу пәнінің виртуалды объектілерімен белсенді түрде өзара әрекет етуге, модельдерді басқаруға, олардан жүйелер конструкциялауға, компьютерлік модельдермен тәжірибелер өткізуге, міндеттерді шешуге, осылайша, шығармашылық процесінде білім алуға мүмкіндік береді.

Қазірдің өзінде алғашқы жаңалықтар бар. Химиялық зертханадағы ғылыми үйірмеде білім алушылар қазақ даласындағы шөптерден жасалған иіссулардың жаңа иісін жасап шығарды.



### **Ғылым қаласындағы балалар бірлестіктері**

➤ [«Биоскрининг» үйірмесі](#). Үйірменің мақсаты: білім алушылардың медицинаға, биология мен химияға ғылыми-зерттеу қызығушылығын дамыту. Зертханалық эксперименттер жүргізу, химия мен биологиядан кейбір теориялық ережелерді тереңдетіп оқу бағдарламаның негізін қалайды.

➤ «Биотехнология» үйірмесі. Үйірменің мақсаты: білім алушылардың білімге құштарлығын, микробиология мен биоинженерияға қызығушылығын, қоршаған микроөмірдің құбылыстарына, микробиология мен биоинженерия саласындағы ғылыми жетістіктерге қызығушылығын, ғылыми эксперименттер мен тәжірибелерді дұрыс құруды дамыту.

➤ «Географ-зерттеуші» үйірмесі. Үйірменің мақсаты мен міндеттері: Қазақстанның және әлемнің бірегей табиғи жерлері бойынша білім алушылардың қызығушылығы мен ой-өрісін кеңейту; жекелеген жерлердің ерекшеліктерін айқындауды және сипаттауды үйрету; картамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, түрлі карталарды салыстыру, объектіге белгілі бір жоспар бойынша сипаттама беру.

«NextBio» ғылыми-зерттеу үйірмесі. Үйірме Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Ұлттық биотехнология орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қатысуымен құрылды. Үйірменің мақсаты: балалардың жаратылыстану ғылымдарындағы ғылыми және практикалық қызметінің дамуына жағдай жасау, олардың бірегей қабілеттерін дамыту және олардың биология, биомедицина және биотехнология саласындағы болашақ ғалымдар ретінде қалыптасуларына көмектесу.



Оқу процесінде білім алушылар анатомиядан өсімдіктер физиологиясы, микробиология, биомедицина және биотехнологиядан қосымша білім алады, зерттеу жұмысын орындаудың негізгі кезеңдерін, зерттеу қызметінің басқа қызмет түрлерінен ерекшеліктерін білетін болады, бұдан басқа, білім алушылар өз бетінше *молекулалық-генетикалық* (ДНҚ бөлу, ПТР қою (полимераздық тізбекті реакция), ДНҚ фрагменттерін электрофоретикалық есепке алу, нуклеотидтік дәйектілікті айқындау, кариотипирлеу);

*биотехнологиялық* (микрклоналдық көбею, қышқыл сүтті сусындар ферментациясы және басқалары);

*микробиологиялық* (бактерияларды микроскопиялық зерттеу, көмірсулар ферментациясы және басқалары);

*биологиялық* (өсімдіктердің физиологиялық және анатомиялық ерекшеліктерін зерделеу) зерттеулерді орындайтын болады.

- [«Жас тарихшы» үйірмесі.](#) Үйірменің мақсаты: ежелгі уақыттан бері Қазақстанның аумағында қоныстанған халықтардың тарихын зерделеу, көптеген мыңдаған жылдар өмір сүрген мемлекеттерді, мәдени құндылықтар мен дәстүрлерді және басқаларын зерделеу.
- [«Математика және логика» үйірмесі.](#) Үйірменің мақсаты: білім алушылардың білімге құштарлығын, математикаға қызығушылығын дамыту, білім алушылардың білімді саналы түрде меңгерулеріне және олардың логикалық және математикалық ойлауын дамытуға ықпал ету.
- [«Химик-зерттеуші» ғылыми-зерттеу үйірмесі.](#) Ғылыми-зерттеу үйірмесінің мақсаты мен міндеттері: білім алушылардың химия ғылымына қызығушылығын дамыту; химиядағы талдаудың қазіргі заманғы ғылыми әдістерін меңгеру; білім алушыларды ғылыми-зерттеу жобалары қызметіне тарту.
- [«Интернет-жобалау» үйірмесі.](#) Үйірменің мақсаты: балаларды сайттар: Web-технологиялар, HTML, CSS, JavaScript құруға үйрету.



- [«Жасанды интеллект» үйірмесі.](#) Үйірменің мақсаты: балаларды жобалар жасауға үйрету.
- [«Компьютерлік графика» үйірмесі.](#) Үйірменің мақсаты: балаларды жобалар: 2D анимациялық мультфильмін, 3D жобасын және 3D анимациялық мультфильмін, суреті бар кітап, журнал жасауға үйрету.
- [«Бағдарламалау тілдері» үйірмесі.](#) Үйірменің мақсаты: балалардың жаңа технологияларға қызығушылығын қалыптастыру; бағдарламалау тілдері арқылы идеяларды әзірлеу және енгізу үшін қажетті білім, білік, дағдылардың белгілі бір кешенін дамыту; логикалық ойлауды және жобаларды іске асыру әдістерін диагностикалау және дамыту.

### **Технопарктегі балалар бірлестіктері**

- [«Автомодельдеу» үйірмесі.](#) Үйірменің мақсаты: техникаға деген танымдық қызығушылықты дамыту; еңбек дағдылары мен біліктерін қалыптастыру; еңбек мәдениеті мен эстетикасын тәрбиелеу; конструкторлық қабілетті дамыту; түрлі материалдармен және құралдармен жұмыс істеу біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, әскери мамандықтарға сүйіспеншілікпен қарауға баулу.
- [«Робот техникасы» үйірмесі.](#) Үйірменің мақсаты: балаларға робот техникасы туралы жалпы білім беру; заманауи радиоэлектроника

мен робот техникасы саласындағы ой өрісті кеңейту, түрлі қызмет саласының роботтарын бағдарламалауды үйрену.



➤ [«Жас ғарышкерлер мектебі» үйірмесі](#). Үйірменің мақсаты: ғарыш қызметін және жаңа технологияларды танымал ету, білімді және дені сау ұрпақ тәрбиелеу. Астрономия, физика, ғарыш навигациясы сияқты жаратылыстану ғылымдарындағы білімдерін арттыру, салауатты өмір салтына аса көңіл бөлу; ғарыш және қоршаған орта, астрономиялық және физикалық құбылыстар мен олар бағынатын заңдардың байланыстары, нанотехнологиялар мен наноматериалдардың жалпы маңыздылығы мен мәні, табиғатты ғылыми-практикалық зерттеу және осы негізде жалпы әлем жөніндегі түсініктерін қалыптастыру әдістері туралы оқушылардың білімдері мен түсініктері кеңейеді.



➤ [«Радиоэлектроника» үйірмесі](#). Мақсаты және міндеттері: балаларға радиотехникалық сауаттылық бойынша жалпы білім беру; қазіргі заманғы радиоэлектроника саласындағы білімдерін тереңдету. Құралдарды, өлшеу аспаптарын пайдалану және оларды ұқыпты ұстау дағдыларын дамыту; өндіріс мәдениетін, өз жұмысын ұйымдастыруды және конструкциялауда эстетикалық талғамды дамыту.

➤ [«Кеме моделін жасау»](#). Үйірменің мақсаты мен міндеттері: білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, спорттық жарыстар мен демонстрациялар үшін корабльдердің қолданылып жүрген және стендтік модельдерін құрастыруды үйрету; көліктің тарихымен, көрнекі ғалымдар мен конструкторлардың өмірімен және қызметімен, көліктік машина жасауды одан әрі дамыту жетістіктерімен және перспективаларымен таныстыру.



Балаларға қосымша білім беру – бұл баланың өз қалауына, қажеттілігі мен мүмкіндігіне сәйкес өзі немесе ересектердің көмегімен таңдайтын оның жеке тұлғасының «таяу арадағы даму аймағы».

Астана қаласындағы балаларға қосымша білім беру жүйесі салааралық негізде дамиды және балалардың дарындылығын анықтау, қолдау және дамытуға кепіл болады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Ұлттық орталық биотехнологиялар» РМК мен Астана қаласындағы Оқушылар сарайы арасында Ғылым және білім саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум жасалды. «Nextbio» ғылыми-зерттеу үйірмесін ашу алғашқы бірлескен қадам болды. «Nextbio» ғылыми-зерттеу үйірмесін құру оқушыларды заманауи ғылыми кеңістікке интеграциялауға, зертханада және зертханалық жабдықтармен зерттеу жұмысын істеу дағдыларын қалыптастыруға, биология және биотехнология саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерге деген қызығушылыққа баулуға көмектеседі.

Оқушыларға арналған «NextBio» ғылыми-зерттеу бірлестігінде жалпы білім беретін мектептердің 6-11 сыныптарының, лицейлердің, пәнді тереңдетіп оқытатын мектептердің білім алушылары жас ғалым-зерттеушілердің көмегімен жоғары технологиялық заманауи жабдықтар арқылы биология мен биотехнология әлемін зерделейді.

Үйірме Астана қаласындағы Оқушылар сарайы базасында жұмыс істейді, онда жас дарындылардың қазіргі заманғы теориялық білімді және



биология мен биотехнологияның практикалық әдістерін меңгерген, ғылыми міндетті қалыптастыруға, зерттеу жүргізуге, оны ғалымдардың үлкен аудиториясының алдында қорғауға және оның нәтижелерін ғылыми басылымдарда жариялауға қабілетті болашақ ғалымдар ретінде қалыптасуы үшін барлық жағдай жасалған.

Лаборатория әлемдік белгілі өндірушілер шығарған жаңа жабдықтармен: микроскоптармен, деңгейлес және сатылас электрофорезге арналған камералармен, гель-құжаттаушы жүйемен, трансиллюминаторлармен, термоциклерлермен, магнитті араластырғыштармен және ғалымның сапалы зерттеу жұмысы үшін қажетті басқа да аспаптармен жарақтандырылған.

*NextBio-да* өсімдіктердің анатомиясы мен физиологиясын, микробиологияны, биомедицина мен биотехнологияны тереңдетіп оқыту, генетикалық материалмен жұмыс - ДНК бөлінген сәттен бастап онда кодталған ақпарат оқылғанға дейін онымен жұмыс істеуге үйрету көзделген.

*NextBio-да* Ұлттық биотехнологиялар орталығының ғалымдары өзіндік зерттеу жұмыстарын іске асыруда білім алушыларға әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді.

«NextBio»-да білім алушылар өсімдіктердің анатомиясы мен физиологиясын, микробиологияны, биомедицина мен биотехнологияны зерделейді. Бұдан басқа, жас ғалымдар генетиканың құпия әлеміне үңіліп, ДНК бөлінген сәттен бастап онда кодталған ақпарат оқылғанға дейін онымен жұмыс істеуге үйренеді.

Дәрістер мен практикалық сабақтарды ғалымдар мен студенттер жүргізеді. Сондай-ақ сабақтар пікірталастар, семинарлар, ғылыми ұйымдарға экскурсиялар, белгілі ғалымдармен кездесулер түрінде өткізіледі.

Креативті, жоғары технологиялық және инновациялық Сарай балалар мен ата-аналардың алуан түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді, баланың дамуына және жаңаша ойлауын – өзіне және өз Отанына пайда әкеле алатын табысты адамдардың, жас зияткерлердің және бәсекеге қабілетті шығармашыл адамдардың ойлауын қалыптастыруға ықпал етеді.

### **Балалар ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту факторы ретінде жалпы және қосымша білім берудің интеграциясы**

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясы шикізат бағыттылығынан алшақтауға ықпал ететін

экономиканың салаларын әртараптандыру арқылы елдің орнықты дамуына қол жеткізуді, ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға көшу үшін жағдай жасауды мақсат етіп қойып отыр. Елдің дамуымен байланысты, өз қызметінің нәтижесін болжай алатын, жаңа білім алып, оны жүзеге асыра алатын адамдарға деген қажеттілік күрт өсті. Бұл міндетті шешу үшін балаларға қосымша білім беруді ұйымдастыруға маңызды рөл жүктеледі.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту жөніндегі 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада балалар мен жастарды жеке тұлға ретінде, әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі айқындауға бейімділіктерін, қабілеттері мен мүдделерін дамытудың айқындаушы факторларының бірі ретінде балаларға қосымша білім беру жүйесінің маңызды рөлі атап көрсетілген.

Бүгінде балаларға қосымша білім беру балаларға жеке тұлғаға бағдарланған тұрғыдан қараудың кеңдігімен сипатталатын, олардың білім алу қажеттіліктеріне, өмірлік дағдыларды қалыптастыруға негізделетін үздіксіз білім беру мен жаңа типті білім беру жүйесі құрамдауыштарының бірі ретінде қаралады.

Техникалық шығармашылықтың, әсіресе, балалар шығармашылығының проблемасы маңызды әлеуметтік-экономикалық проблема болып табылады, міне сондықтан да оған барлық озық елдерде өте үлкен көңіл бөлінеді. Оны шешумен мемлекеттік мекемелер, сол сияқты жеке кәсіпорындар мен бірлестіктер айналысады, бұл ретте оның ойдағыдай шешілуі қоғамның жалпы экономикалық және мәдени деңгейіне байланысты екендігін ескереді.

Қазіргі әлемде 40 елде 500-ден астам Балалар ғылым мұражайларының (ғылым қалалары) жемісті жұмысының тәжірибесі белгілі. Еуропа, Жапония, Канада, Австралия, Ресейде мыңнан астам технопарктер мен бизнес-инкубаторлар жұмыс істейді. АҚШ-та олардың саны 10 жыл ішінде 30 есеге ұлғайды. Бұл ұйымдар жаңа технологияларды меңгеру негізінде балалар мен жастарды белсенді шығармашылық өнімді қызметке тарту құралдары ретінде өздерін таныта білді. Технопарктер «түлектерінің» басым бөлігі жаңа фирмалардың ұйымдастырушылары мен иелеріне айналғаны жөнінде заңды үрдіс бақыланып отыр.

Республикада білім алушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту балаларға қосымша білім беру қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Аспекттері терең түсінбейінше, балаларды бұл қызметке білікті дайындау да, оған педагогикалық басшылық ету де мүмкін емес бірқатар аспектілерді қамтитын ерекше қызмет білім алушылардың техникалық шығармашылығын білдіреді.

Білім алушылардың техникалық шығармашылығы шығармашылық, конструкторлық және атқарушылық қызметті қамтиды. Конструкторлық

қызмет балалар мен жасөспірімдердің техника саласындағы шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін аса құндылыққа ие.

Білім алушылардың еңбекке шығармашылық көзқарасты дамыту, олардың кәсіби және мәдени ой-өрісін кеңейту, рационализация мен өнертапқыштыққа белсенді дайындық техникалық шығармашылықтың *негізгі міндеттері* болып табылады. Техникалық шығармашылық – бұл еңбекке, өзінің және бөтен адам қызметінің нәтижелеріне құрметпен қарау, өз жұмысының нәтижесіне жауапты болу, мақсаттылық, өз бетінше жаңа білім алып, оны меңгере білу, өзін-өзі жетілдіруге және өзін өзі танытуға ұмтылу, патриотизм және отандық ғалымдар мен инженерлердің жетістіктерін мақтан ету, қоғамға нақты пайда келтіруге ұмтылу сияқты маңызды қасиеттерді тәрбиелеу құралы.

*Техникалық шығармашылық қызметтің айрықша ерекшеліктері:*

- шығармашылықтың бұл түрімен негізінен ұлдар мен жасөспірімдер айналысады;
- техникалық шығармашылық – бұл ғылымның, спорт пен техниканың бірегей жиынтығы;
- техникалық шығармашылық – оқыту тиімділігін арттырудың, өз бетінше өмір сүру мен еңбектенуге дайындықтың пәрменді құралы;
- техникалық шығармашылықпен айналысу процесінде әскери-патриоттық тәрбие, әскерде қызмет етуге техникалық сауатты жастарды, өнеркәсіп үшін кадрлар даярлау міндеттері шешіледі.

Техникалық шығармашылық қызметтің аса ерекше түрі болып табылады, өйткені ол ұстау мен дамытуға айтарлықтай капитал салымдарын талап ететін ең *ресурс қарымды және қаржылық тұрғыдан шығынды бағыт* болып табылады. Осы себепке байланысты балалардың техникалық шығармашылығы аса көңіл бөлу мен қамқорлық жасау объектісіне айналуы қажет, өйткені қазіргі 10-13 жастағы жасөспірімдер Қазақстанның ХХІ ғасырдағы ғылыми-өндірістік әлеуетін қалыптастыратын болады.

Балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы қосымша және жалпы орта білім беру күш-жігерінің басқа да білім беру, әлеуметтік, ғылыми, өндірістік, қоғамдық институттармен интеграциясы жағдайында бірыңғай білім беру кеңістігінің құрамдаушы ретінде дамиды.

Бүгінгі күні білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимылдың мынадай негізгі бағыттары айқындалған:

- бейіналды және бейіндік дайындық;
- білім беру ұйымдарына ақпараттық- әдістемелік және ұйымдастыру көмегін көрсетуді, педагог қызметкерлердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыруды; жұмыс бойынша тәжірибе алмасуды; техникалық шығармашылық бойынша бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруды, конкурстар өткізу мен оларды өткізуге көмектесуді, балаларға қосымша білім беру жүйесі педагогтерінің жұмыс тәжірибесін жалпылауды және басқаларын көздейтін «техникалық шығармашылық»

бағыты бойынша балаларға қосымша білім берудің тірек ұйымы ретінде балалардың техникалық шығармашылық орталығының қызметі;

- интеграцияланған нысаналы бағдарламалар мен жобалар жасау және оларды іске асыру.

Бүгінде балалар ғылыми-техникалық шығармашылығының проблемаларына жаңаша көзқараспен қарау, ғылыми-техникалық бірлестіктердегі оқытудың жаңа мазмұны мен әдістемелері талап етіледі.

Балалардың, жасөспірімдер мен жас өскіндердің қосымша білім алуға, ғылыми-техникалық шығармашылыққа деген мүдделерінің, қажеттіліктерінің өсу үрдісіне және әртараптануына байланысты құрылымдарды, қызмет нысандарын жетілдіру, жаңа вариативтік, ұзақ мерзімді бағдарламалар әзірлеу өзекті бола бастады.

Инновациялық білім беру бағдарламалары мен жобаларына ерекше рөл беріледі. Ғылыми-техникалық бағыттылықтың инновациялық білім беру бағдарламасы нақты жеке тұлғаға бағдарланған және білім беру салаларының алуан түрін: ғылыми-техникалық, спорт-техникалық салаларды, компьютерлік технологияларды қамтиды.

Қазіргі уақытта республикада техникалық шығармашылық тұрақты дамып келеді. Республикада ғылыми-техникалық қосымша білім беру бағытының білім беретін оқу бағдарламалары іске асырылуда. Бағдарламалар 6 жастан бастап 18 жасқа дейінгі балалардың техникалық шығармашылық қабілеттерін дамытуға, білім алушылардың бейіналды және бейіндік білім алуына, өзін-өзі кәсіби айқындауға мүмкіндік береді.

Мындаған жас ақтөбеліктер Қалалық техникалық шығармашылық орталығының алуан түрлі үйірмелерінен өтіп, есейіп, осы жерге өз балаларын алып келеді. Мұнда әрбір бала өзінің көңіліне ұнайтын іс табады.

Ақтөбелік жас техниктер станциясы 1970 жылы құрылған. Республиканың алғашқы мектептен тыс ұйымдарының бірі 1990 жылы атауын Қалалық техникалық шығармашылық орталығына өзгертті.

Бүгінде Техникалық шығармашылық орталығы – бұл қосымша білім беруге қойылатын қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы.

2009-2013 жылдары Қалалық техникалық шығармашылық орталығы (ҚТШО) «Облыстың үздік қосымша білім беру ұйымы» болып танылды.

Білім алушылардың жеке тұлға ретінде өсуін, ақпараттық қоғам жағдайында қоғамдық және кәсіби өмірге толыққанды және тиімді қатысуға дайындықты қамтамасыз ететін білім беру кеңістігін құру Орталық жұмысының мақсаты болып табылады.

Жас техниктер орталығы қосымша және жалпы орта білім беру арасындағы өзара іс-қимылдың маңызды буыны болып табылады. ҚТШО-да білім алушылардың танымдық уәждемесін дамыту үшін зор мүмкіндік бар. Білім алушылар аптасына 2-4-6 сағаттан айналысады, осы уақыт ішінде энергетикалық серпіліс алып, үйлерінде бастаған жұмыстарын жалғастырады.

Білім алушыларға 22-ден астам техникалық үйірмелер ұсынылды, олар: авиамодельдік, кеме моделін жасау, стендтік моделизм, ракета моделін жасау, ғарыштық модельдеу, радиотехникалық, радиоспорт, бастауыш-техникалық модельдеу, информатика үйірмесі, «Техникалық кәдесый» ШБ, робот техникасы, трассалық моделизм, картинг, автоконструкторлық, техникалық дизайн, жалпы техникалық, теріден жасалған кәдесыйлар, қағаз-картоннан модельдеу, бисер өру, қамыр пластикасы, квиллинг, бұл үйірмелерде олар техника саласы бойынша бастапқы білім, білік, дағды алады, осылайша олардың алдағы кәсіби таңдауына ықпал етеді.



Жас техниктер орталығы, кеме моделін жасау және радиотехникалық үйірмелер

Білім алушылардың кәсіптік бағдары бойынша жұмыс өзінің оң нәтижесін беруде. Орталық түлектері Қазақстанның, сондай-ақ ТМД бұрынғы елдерінің түрлі оқу орындарында оқиды; автоэлектрик, автомеханик, автослесарь, инженер, жүргізуші, техникалық үйірмелер педагогі, корреспондент, дизайнер және басқа да мамандықтар бойынша жұмыс істейді.

Орталықтың білім алушылары қатысатын халықаралық дәстүрлі жарыстар:

- Қытай ұлттық авиаспорттық Fiesta және 2-ші ұлттық авиаспорттық ойын;
- Ракета моделін жасау жөніндегі халықаралық жарыстар, FAI Әлем кубогінің кезеңі «Байқоңыр кубогі»;
- «Қорқыт ата кубогі»;
- ҚР авиа, кеме моделін жасау бойынша чемпионаты;
- Мектеп оқушылары мен колледждер оқушыларының кеме және авиамодельдік спорт бойынша спартакиадасы;
- ҚР трассалық моделизм бойынша чемпионаты;
- Авиа, авто, кеме, зымыран моделін жасау және робот техникасы бойынша республикалық техникалық шығармашылық жарыстары;
- Жас техниктердің республикалық конкурсы және «Жастар шығармашылығы» көрмесі;

- В.Н. Челомей атындағы халықаралық ғарыш мектебі;
- Санкт-Петербургте өтетін С.П. Королев атындағы кубокқа ракета спорты бойынша бүкілресейлік ашық жарыстар;
- Робот техникасы бойынша балалар техникалық шығармашылығының халықаралық фестивалі.

Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету инновациялық қызметті табысты іске асырудың маңызды шарты болып табылады.

Әдістемелік жұмыстың қалыптасқан жүйесі кадрларды жұмысқа қойылатын жаңа талаптар және педагогика ғылымы мен практикасының соңғы жетістіктері жөнінде хабардар етуге; педагог кадрларды оқыту және дамыту, олардың біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыруға; педагогикалық ұжым мүшелерінің педагогикалық, инновациялық қызметінің неғұрлым құнды тәжірибелерін анықтау, жалпылау және таратуға; білім беру процесін жүзеге асыру үшін әдістемелік қамтамасыз ету: бағдарлама, дидактикалық және әдістемелік материалдар дайындауға бағытталған.

Білім беру процесі дамытушы ретінде құрылады және білім алушылар үшін түрлі техникалық салаларда бірегей мүмкіндіктерге ие.

Техникалық шығармашылық орталығы шығармашыл, техникалық және технологиялық сауатты, жасампаз, өз талантын қоғамға қызмет етуге бағыттай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруды қамтамасыз ете алатын білім алушылардың ғылыми-техникалық қызметінің білім беру жүйесінің моделін жасауға бағытталған «Робот техникасы» инновациялық жобасын әзірледі.

Робот техникасы қосымша білім беру жүйесінде білім алушыларға 21 ғасырдың технологияларын ұсынады, олардың коммуникативтік қабілеттерінің дамуына ықпал етеді, өзара іс-қимыл жасау, өз бетінше шешімдер қабылдай білу дағдыларын дамытады, олардың шығармашылық әлеуетін ашады.

#### *Жобаны іске асырудың басым бағыттары*

1. Ақтөбе қаласындағы балалар техникалық шығармашылығын дамытуды үйлестіретін орталық және «Техникалық шығармашылық» бағыты бойынша балаларға қосымша білім берудің ресурстық ұйымы ретінде техникалық шығармашылық орталығының қызметін ұйымдастыру.

2. Ғылыми-техникалық шығармашылықты дамыту үшін қосымша және негізгі жалпы білім беруді интеграциялау. Орта және жоғары жастағы балаларға арналған элективтік курстарды, төменгі сынып оқушыларына арналған «Модельдеу және конструкциялау» пәнін және орта және жоғары жастағы балалар үшін «Робот техникасы» пәнін енгізу.

3. Ғылыми-техникалық және спорттық-техникалық бағыттағы бірлестіктер желісін сақтау және дамыту.

4. Техникалық шығармашылықтың алуан түрлері мен нысандарын ұйымдастыру және танымал ету.

5. Техникалық шығармашылық бағдарламалары бойынша жұмыс істейтін педагог кадрлардың кәсіби шеберлігін, біліктілігін арттыру жұмысын жетілдіру.

6. Техникалық бағыттағы бірлестіктердің материалдық-техникалық базасын нығайту.

7. Балалар техникалық шығармашылығын дамытуды қамтамасыз ететін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету, инновациялық технологияларды енгізу жұмысын жетілдіру.

8. Техникалық шығармашылықпен айналысатын балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделуі, оларды мамандық алғанға дейінгі дайындау, кәсіби өзін-өзі айқындау үшін жағдай жасау.

9. Қалалық, аудандық жарыстар ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ техникалық спорт түрлері бойынша жарыстарға, балалар техникалық шығармашылық конкурстарына ТШО командасының нәтижелі қатысуы.

Орталықта білім беру процесіне *Лего-технологияларды енгізу* арқылы білім алушылардың ғылыми-техникалық ой-өрісі мен шығармашылығын дамытуға бағытталған жобаны әзірледі.

Жобаны іске асырудың басым бағыттары:

1. Білім алушылардың ғылыми-техникалық шығармашылық кеңістігі ретінде «ЛЕГО – ПАРК» құру.

2. ЛЕГО-педагогиканы қолданудың негізгі салаларын айқындау:

– бастапқы техникалық модельдеу мен конструкциялау («Лего-ленд» кіші жобасы, 7-11 жастағы білім алушыларға арналған)

– практикалық бағдарламалау («Лего-класс» кіші жобасы, 11-13 жастағы білім алушыларға арналған)

– денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған сабақтар.

3. Қосымша және негізгі жалпы білім беруді интеграциялау. Сабақтан тыс жұмыс моделін іске асыру («ғылыми-танымдық», «жобалау қызметі» бағыты). Лего-конструкторларды «Шығармашылық сабақтары», «Бастапқы модельдеу мен конструкциялау» сабақтарында пайдалану.

4. Ғылыми-техникалық бағыттағы бірлестіктер желісін сақтау және дамыту.

5. Техникалық шығармашылықтың алуан түрлері мен нысандарын ұйымдастыру және танымал ету.

6. Лего-технологияларды пайдаланатын педагог кадрлардың кәсіби шеберлігін, біліктілігін арттыру жұмысын жетілдіру.

7. Техникалық бағыттағы бірлестіктердің материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік базасын нығайту.

Бұл жобалар техникалық шығармашылық саласындағы жалпы және қосымша білім беруді интеграциялау процесінің арқасында дайындалды және жалпы білім беру мектептері мен балаларға қосымша білім беру ұйымдарын біріктіретін бірыңғай білім беру кеңістігінде жұмыс істейтін интеграцияланған техникалық білім беру моделін іске асыруға бағытталған.

ҚТШО қала мен облыстың ресурстық қосымша білім беру орталығы болып табылады. Орталық мектептер мен қаланың, облыстың және республиканың қосымша білім беру ұйымдары арасында әдістемелік жұмыс жүргізеді. Орталық қосымша білім беру педагогтері, бастауыш білім беретін мұғалімдер, технология мұғалімдері, біліктілік арттыру курстарының тыңдаушылары үшін семинар-практикумдар, мастер-кластар өткізеді.

Техникалық шығармашылық бойынша қалалық, облыстық және республикалық көрмелер, олимпиадалар, конкурстар, жарыстар орталық базасында өткізіледі. Жыл сайын Ақтөбе облысының Әділет департаментімен бірлесіп ҚТШО-ның Өнертапқыштар мен рационализаторлар клубы базасында өнертапқыштар конкурсы өткізіледі.

### ***Бейіндік мектеп жағдайында әлеуметтік серіктестікті іске асыру***

Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту жөніндегі 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада белгіленген білім берудің жаңа сапасына көшу қазіргі жағдайда білім беру саласын дамытудағы жетекші үрдіс болып табылады. Қазіргі заманғы мектептің алдында тұрған бағдарламалық міндеттердің бірі – бұл білім беру мазмұнын жаңартумен 12-жылдық оқыту моделіне көшуді жүзеге асыру, желілік өзара іс-қимылды, «Бейіндік мектеп» бейіндік оқытуды енгізу, білім беруде серіктестік жүйесін қалыптастыру.

Бейіндік оқытуға ауысу мынадай негізгі мақсаттарды:

- 1) бағдарламаның жекелеген пәндерін тереңдетіп оқытуды қамтамасыз етуді;
- 2) мектеп оқушыларының жеке білім беру бағдарламаларын жасаудағы кең әрі икемді мүмкіндіктеріне ие жоғары сынып оқушыларын оқыту мазмұнын айтарлықтай саралау үшін жағдай жасауды;
- 3) жалпы және кәсіби білім беру арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуді, мектеп түлектерін жоғары кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеруге неғұрлым тиімді дайындауды көздейді.

Әлеуметтік серіктестердің желілік өзара іс-қимылы негізінде бейіндік дайындық пен бейіндік оқытуды іске асыруды болжайтын тәсіл оқушылардың бейіндік, кәсіптік және әлеуметтік өзін-өзі айқындауы үшін үйлесімді түрде қолайлы жағдай жасайды. Ол оқушыларды одан әрі білім алудың кез келген түрі мен деңгейін таңдауға дайындауды ойдағыдай жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік серіктестік – бұл тараптардың еріктілігі, тең құқылығы, процеске қатысушылардың мүдделерін құрметтеу және ескеру, келісімдерді бұзғаны үшін жауапты болу қағидаттарына негізделген қатынастарды реттеудің шарттық нысаны.

Әлеуметтік серіктестікті білім беруге қатысты біз былайша түсінеміз:



- мектеп ішіндегі әлеуметтік топтар: мұғалімдер, оқушылар және олардың ата-аналары арасындағы серіктестік;
- осы кәсіби бірігулердің (ОӨК, ОАОО, жоғары оқу орындары, балаларға қосымша білім беру ұйымы және өзгелері) әлеуметтік топтары арасындағы білім беру жүйесінің ішіндегі серіктестік;
- мектеп өкілдері мен қоғамдық өндірістің өзге де салаларының кәсіпорындары арасындағы серіктестік;
- мектептің өзі бастамашылық ететін серіктестік; қоғамдық өндірістің өзге де салаларының өкілдерімен байланыста бола отырып, білім беру жүйесінің қызметкерлерінің серіктестігі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 19 шілдедегі №681 бұйрығына сәйкес Павлодар қаласының №17 жалпы білім беретін орта мектебі «Бейіналдыңғы дайындық мен бейіндік оқыту шеңберіндегі желілік өзара іс-қимыл моделі» бағыты бойынша «Мектеп-ОАОО-ЖОО» моделінде бейіндік оқыту республикалық экспериментке қатысушы болып табылады.

Ғылыми басшылықпен жүзеге асырылатын эксперименттің бірінші кезеңінде негізгі міндетпен жергілікті сипаттағы мынадай нормативтік құжаттар жасалған болатын:

- Инновациялық мектеп тұжырымдары;
- Білім беретін мекемені дамытудың бес жылға арналған бағдарламалары;
- Бейіндік оқытуды психологиялық сүйемелдеу бағдарламалары;
- Бейіндік оқыту мен бейіналдыңғы дайындық сапасын мониторингілеу бағдарламалары;
- Бейіндік оқытуды әдістемелік сүйемелдеу бағдарламалары.

Әлеуметтік серіктестердің желілік өзара іс-қимылы жағдайында Павлодар қаласының №17 ҚБЖБОМ (СОПШДО) даму стратегиясының негіздемесі Тұжырымдаманың мақсатына айналды. Тұжырымдама мектеп оқушыларының бейіндік және бейіналдыңғы дайындығын ұйымдастыруда әлеуметтік серіктестердің желілік өзара іс-қимылы жағдайында білім берудің мақсаттарын, міндеттерін, құрылымын, мазмұнын мен білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктерін айқындады. Мектеп оқушыларының бейіндік және бейіналдыңғы дайындығын ұйымдастыруда әлеуметтік серіктестердің желілік өзара іс-қимылының моделін енгізу кезеңдері белгіленді.

Даму бағдарламасын іске асыру желілік өзара іс-қимыл моделін құруды, бейіндік оқыту міндеттерін іске асыру бойынша әлеуметтік серіктестерді айқындауды талап етті. Колледждер (технологиялық және педагогикалық), жоғары оқу орындары мектептің әлеуметтік серіктестеріне айналды. Осы оқу орындарының базасында 90-шы жылдардан бері «ДК пайдаланушы», «Хатшы-референт» мамандықтарын алумен, жаратылыстану-математика және гуманитарлық бағыттар бойынша жоғары сатыдағы дайындық жүзеге асырылып келеді.

Желілік өзара іс-қимылды ұйымдастыру және бастауыш, орта және жоғары кәсіби білім беру жүйесінің ұйымдары, педагогтер, оқушылар, ата-аналар кіретін мектепті көп құрылымды ұйымдастыру арқылы әлеуметтік серіктестік іске асырылды.

Білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестігі еріктілік, кооперативтілік, дербестік және шешімдер қабылдаудағы жауапкершілік, бірлескен шығармашылық, төзімділік, ашықтық, әлеуметтік маңыздылық қағидаттарымен құрылды.

Мектеп оқушыларының мүдделерін, бейімділіктері мен қабілеттерін анықтау мен танымдық және жоғары сыныпта оқыту бейінін таңдауға бағдарланған кәсіби қызметтің түрлі салаларындағы практикалық тәжірибені қалыптастыру жөніндегі жұмыс эксперименттік қызметтің маңызды бағытына айналды. Мектептің психологиялық мектебі бұл мақсатта Бейіналдыңғы дайындық пен бейіндік оқыту процесінде оқушыларды, педагогтер мен ата-аналарды психологиялық сүйемелдеу бағдарламасын сынақтан өткізді.

Жоғары сатыдағы курстардың мазмұнын әзірлеу орта буындағы, сол сияқты бастауыш мектептегі дайындықтың деңгейіне байланысты болып отыр, яғни 5-8 сыныптарда бейіналды дайындықты ұйымдастыру, бастауыш мектеп деңгейіндегі бейіндеу мәселесі тұр.

Мектепішілік бейіндеу пәндік арнайы курстардан, бастауыш мектептен бастап бейінді сыныптармен аяқтай отырып, гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттарды таңдау бойынша қолданбалы курстардан тұрады. Мектептің жұмыс оқу жоспарының вариативтік бөлігін енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңартуға қол жеткізілді.

Бейін алдыңғы дайындық пен бейіндік оқытудың қалыптасқан моделі төрт сатылы құрылымды білдіреді:

- гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы дамыту курстары, информатика мен шет тілін ерте оқып-үйрену есебінен бастапқы бейіндеу (1-4-сыныптар);

- пәндерді тереңдетіп оқыту, элективтік курстар, гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттағы факультативтер, таңдап алынатын дамыту курстары есебінен бейін алдыңғы дайындық (5-8-сыныптар);

- технологиялық колледж базасында кәсіби бағдарланған курстар (8-сыныптар);

- ОӨК базасындағы кәсіби бағдарлану есебінен кәсіптік бағдар (9-сыныптар);

- педагогикалық ЖОО базасында бейінді сыныптардағы бейіндік дайындық.

2007-ші жылдан бері элективтік курстар бағдарламасын сынамаулау, оқушыларды алуан түрлі мамандықтармен, кәсіптік қызметтің ерекшеліктерімен, «Адам және мамандық», «Тілдесу мамандыққа айналғанда», «Күпиясыз техника», «Кез келген ақпаратқа «сен» деп қарау,

«Әдемілікті жасау», «Табиғат үйлесімділігі» және басқа да тақырыптар бойынша еңбектің сипатымен және мазмұнымен таныстыру басталды.

Педагогиканың технология кафедрасымен бірге оқушыларға жеке бейімділіктерін айқындап, кәсіптік өзін-өзі көрсету перспективасын қалыптастыруға көмектесетін 8-9-шы сыныптарға арналған «Кәсіби бағдарды таңдау», «Заманауи технологиялар әлемі» психологиялық, кәсіптік бағдарлық оқу курстары енгізілді.

8-ші сыныптар шеңберінде, оқушыларды ет және сүт өнеркәсібінің технологиясымен, тоназытқыш қондырғыларының шебері, мейрамхана өндірісі, «Тағам дайындау технологиясы – аспаз-даяшы» мамандықтарымен таныстыратын элективтік курстарды жүргізген технологиялық колледж ресурстарын (кадрлық құрамы, материалдық-техникалық база, әдістемелік қамтамасыз ету) тарта отырып, бейін алдыңғы дайындық ұйымдастырылды.

ОӨК базасында 9-шы сынып оқушылары 11 мамандық бойынша кәсіптік бағдар алады.

10-11-сыныптарда бейіндік оқыту қаланың білім беретін мекемелерінің ресурстарын тарту есебінен жүзеге асты. ЖОО-лармен ынтымақтастық пәндер (физика, математика) бойынша бейіндік дайындықты қамтамасыз етті.

Желілік өзара іс-қимылдың қалыптасқан моделі оқу процесі арқылы, сондай-ақ тәрбие жұмысы процесіндегі бейіндік, ақпараттық қызмет жүйесі арқылы мазмұн деңгейінде бейіндеуді көздеді.

Бейіндік қызмет жүйесі эксперименталдық қызметті жалпылау кезеңінде Бейіндеу орталығына «өсті».

Мынадай бағыттар: әдістемелік құралдар, мектеп мұғалімдері құрастырған курстар сараптамасы; арнайы курстар, ғылыми жобалар әзірлеуде консультация беру; бейінді сыныптарда оқытуды ұйымдастыру; дарынды балалармен жұмыс – олимпиадаға дайындық; кадрлармен жұмыс – курстық дайындық; мектеп түлектерін аралық тестілеу; баспа қызметі бойынша ынтымақтастық туралы ұзақмерзімді шартқа қол қойған мектептің негізгі әлеуметтік серіктестерінің бірі – педагогикалық ЖОО-мен ынтымақтастық оқу жоспарының вариативтік бөлігінің әдістемелік қамтамасыз етілуін жасауға көмектесті.

ЖОО оқытушыларымен бірлесіп бірқатар оқу-әдістемелік құралдар: «Мәтінтану», «Қазіргі заманғы мектептің педагогикалық менеджменті және оны басқару», «Элективтік курстар (психологиялық-педагогикалық, жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бейіндер)» бағдарламалары басып шығарылды.

Конференциялар, семинарлар, конкурстар, педагогикалық оқулар мен басқа да ғылыми іс-шараларға бір жағынан – оқытушылар, ЖОО, АООО студенттері, екінші жағынан мектептердің оқушылары мен мұғалімдерінің бірлесіп қатысуы арқылы жүзеге асырылған педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мектеп пен ЖОО бірлескен қызметінің маңызды бағыты болып табылады. Мұғалімдерді курстық даярлауды ұйымдастыру проблемасын мектеп ЖОО, Президент Н.Ә. Назарбаевтың

бастамасымен құрылған Қазақстан хаылқтарының ассамблеясына кіретін Славян орталығы мәдени бірлестігі арқылы шешті, бұл «Отандастар» бағдарламасы арқылы әртүрлі пән мұғалімдерін оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз ету проблемаларын шешуге, мұғалімдердің педагогикалық шеберлік деңгейін Мәскеу, Омск қалаларында арттыруға мүмкіндік берді.

ЖОО-лармен әлеуметтік серіктестік шеңберінде білім алушыларды олимпиадаға даярлау үшін мектептің олимпиада резерві (МОР) ұйымдастырылды.

Эксперименталды жұмыс қорытындыларын түйіндей отырып, бейін алдыңғы және бейіндік дайындық міндеттерін іске асырудағы әлеуметтік серіктестік, өзара іс-қимыл мыналардан:

- ЖОО, ОӨК оқытушыларының, мектеп педагогтерінің жеке кәсіптік байланыстарынан;
- білім алушылардың бірлескен зияткерлік еңбегінен, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарынан;
- ЖОО мен мектептер базаларындағы факультативтік сабақтар мен үйірмелерден;
- білім алушылар мен мектеп педагогтерінің ғылыми-зерттеу орталықтары мен ЖОО зертханаларындағы жұмыстарынан;
- мектепте, ЖОО-да білім берудің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беретін бағдарламалар мен оқыту технологияларын әзірлеуден;
- ЖОО мен мектептер оқытушыларының өзара алмасуынан;
- конференциялар, семинарлар, конкурстар, және басқа да ғылыми іс-шараларға бірлесіп қатысудан;
- ЖОО мен мектептердің ғылыми-әдістемелік базалар мен инфрақұрылымдарды бірлесіп пайдалануларынан көрініс табатынын атап өткен жөн.

Осылайша, эксперименталдық жұмыс білім алушылардың бейін алдыңғы және бейіндік дайындықтарын ұйымдастыруда білім берудегі әлеуметтік серіктестердің өзара іс-қимылының мынадай артықшылықтарын көрнекі түрде дәлелдеп отыр:

1. білім беру процесіне қатысушылардың әрқайсысының қажеттіліктері мен сұраныстары анықталды;
2. білім алушылардың дамуына жағдай жасалған;
3. жеке тұлғаға бағдарланған педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыру мүмкіндіктері іске асырылуда;
4. 8-ші сыныптан бастап бейін алдыңғы дайындық пен 10-шы сыныптан бастап бейіндік оқыту үшін әлеуметтік серіктестердің мүмкіндіктері пайдаланылған;
5. жеке білім беру траекторияларын іске асыру, білім беру процесін неғұрлым тиімді психологиялық қолдау жүзеге асырылған.

## **Балаларға қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын жазу бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Балаларға қосымша білім берудің білім беру бағдарламасы бір бейіндіден басқа, интеграцияланған немесе кешенді болуы мүмкін. Интеграция бұл білім алушыларға педагогикалық әсер етуді үндестіру мақсатында екі және одан астам білім беру бағдарламасы негізінде, олардың бірегейлігі мен теңдігін сақталған жағдайда, біртұтас педагогикалық ұжым мен бірыңғай білім беру кеңістігін құру (А.С. Макаренко).

Кімде-кімнің бірлескен қызметінің бағдарламасы интеграцияланған бағдарлама деп түсініледі. Ең бастысы – бұл балалар мен педагогтер үшін қызметтің бірыңғай кеңістігін құруға ұмтылу, мүдделердің тоғысуын іздеу. Интеграция дәрежесі мен интеграция қағидаты бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін. Қызмет субъектілері бойынша интеграцияланған бағдарламаның 3 түрін атап көрсетуге болады:

*педагогтердің бірлескен қызметі;*

*балалардың бірлескен қызметі (балалар қызметінің бағдарламасы);*

*балалар мен педагогтердің бірлескен қызметі.*

Мәндік белгілеріне қарай бағдарламаның 4 тобын атап көрсетуге болады. Қызметтің ауқымы бойынша:

*Сыртқы ынтымақтастық;*

*Ішкі ынтымақтастық.*

Мақсаттары мен міндеттері бойынша:

*Бір мақсаттық;*

*Көп мақсаттық.*

Мазмұны бойынша:

*Бір бағытты;*

*Кешенді.*

Жүйе құраушы факторы бойынша:

*Оқу-пәндік бағдардағы;*

*Проблемалық-тақырыптық (толассыз) бағдарламалар болып бөлінеді.*

Интеграцияланған білім беру бағдарламасы бойынша құжаттар пакеті құрылымның негізгі екі құрамдауышынан тұрады:

ИБ-ның (интеграцияланған бағдарлама) немесе мәлімделген интеграция шеңберінде бірлескен қызмет жоспарының *түсіндірме жазбасы*. Қосымша білім беретін бағдарламаларға арналған талаптар үшін жазылған нақты пәндер бойынша өзара байланысты және өзара тәуелді

білім беретін бағдарламаларды құрайтын функционалдық негіздегі ИБ кіретін қосымша білім беретін бағдарламалар жиынтығы.

*Кешенді бағдарлама* (КБ) - бұл белгілі бір қағидат бойынша біріктірілген және 2 және көп бейінді оқыту (мысалы, музыка-хор студиясы, мектепке дейінгі білім беру кешені және басқалары) арқылы жалпы мақсат мен міндеттерді шешуге бағытталған оқу пәндері бойынша өз бетінше білім беретін бағдарламалар жиынтығы. Балалардың мұндай бірлестіктерінде әрбір пән бойынша сабақтарды, әдетте, түрлі педагогтер жүргізеді. КБ-да шешілуі түрлі пәндер оқытылмайынша мүмкін емес мақсаттар мен міндеттер қойылады. КБ-да бір бейінді қосымша білім беру бағдарламаларына қарағанда, неғұрлым жоғары дәрежедегі мақсаттар мен міндеттер шешіледі. КБ балалардың білім алу қажеттіліктеріне жауап береді, олардың өзін-өзі көрсетулеріне, әлеуметтік ортада жан-жақты дамуларына немесе бейімделулеріне және басқаларына бағытталған.

Кешенді білім беретін бағдарлама бойынша құжаттар пакеті құрылымның үш негізгі құрамдауышынан тұрады:

КБ *түсіндірме жазбасы* көрсетілген мәселелердің барлығына да жауап береді, қосымша білім беру бағдарламаларын КБ-нің пәннен жоғары тұратын мақсаты мен міндеттерін қалыптастыратын бірыңғай кешенге біріктіру жүргізілетін тұжырымдамалық модельді сипаттайды, бақылау мен бағалауға жататын элементтерді бөліп көрсетеді, барлық ықтимал нұсқаларымен немесе түсіндірулері бар нұсқалардың мысалдарымен қоса, білім алушылардың білімдік бағдарларының ерекшелігін сипаттайды.

КБ *түсіндірме жазбасының құрылымы* жоғарыда сипатталған қосымша білім беру бағдарламасының түсіндірме жазбасы құрылымына ұқсас. КБ-ға түсіндірме жазбада білім алушылармен жұмыстың жазғы түрлері, бағдарламаны, материалдық-техникалық және кадрлық қамтамасыз етуді талап ететін ортаның құрамдас бөліктері және ортаның басқа да құрамдауыштары ретінде әлеуметтік байланыстарды іске асыру үшін қажетті білім беру ортасының сипаттамасы қосымша жазылуы мүмкін.

Кешендік білім беру бағдарламасының оқу жоспары (жоспарларының). КБ-ге кіретін қосымша білім беру бағдарламаларының жиынтығы – нақты пәндер бойынша өзара байланысты және өзара тәуелді білім беру бағдарламаларын, білім беру бағдарламалары үшін жазылған талаптарды құрайтын функционалдық негіз. Бүкіл КБ мақсаты мен міндеттері әрбір пән бойынша білім беру бағдарламаларына түсіндірме жазбалардағы мақсат пен міндеттермен келісілуі, жалпы мақсатты шешуге бағытталған стратегиялық қадамдар құрай отырып, бір-бірін қайталауы немесе толықтыруы тиіс (Қосымшалар).

### ***Қосымша білім беру жүйесінің бағыттары***

*Көркем-эстетикалық бағыт* – өнердің алуан түрлеріне көркем-эстетикалық талғамды, көркем қабілеттері мен бейімділіктерін, шығармашылық тәсілді, эмоциялық қабылдау мен бейнелі ойлауды, жеке тұлғаның ұлы өнер әлемін қабылдауға дайындығын дамытуға, қоршаған ортаның сезімдік бейнесін қалпына келтіруге ұмтылуды қалыптастыруға бағытталған;

*Әскери-патриоттық бағыт* - патриоттық сана, әлеуметтік белсенділік, азаматтық жауапкершілік, өз Отанына адал қызмет ету, Отан мүддесін қорғау бойынша азаматтық борышы мен конституциялық міндеттерін орындауға дайындығын қалыптастыруға, рух мықтылығын, мінездің тұрақтылығын нығайтуға, экстремалдық жағдайдағы өмірге дайындауға бағытталған. "Әскери міндет және әскери қызмет туралы" Федералдық заңға сәйкес азаматтардың әскери-патриоттық тәрбиесі патриоттық тәрбиенің құрамдас бөлігі болып табылады.

*Ғылыми-техникалық бағыт* – әлемдік ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға, әлемді ғылыми танып-білу әдістерін меңгеруге, дәл ғылымдар мен техникалық шығармашылық (қызмет саласы - адам-машина) саласында бейімділіктері бар білім алушылардың зерттеу, қолданбалы, конструкторлық қабілеттерін дамытуға бағытталған;

*Денешынықтыру-спорт бағыты* – денсаулықты нығайтуға, салауатты өмір салты мен спорттық шеберлік дағдыларын, моралдық-жігерлік қасиеттерді және өмір мен денсаулыққа басымдық бере отырып, құндылықтар жүйесін қалыптастыруға бағытталған;

*Экологиялық-биологиялық бағыт* - әлемді қабылдаудағы жүйелік тәсілді, жанды мен жансыз нәрселердің өзара байланысы және өзара тәуелділігі туралы ұғымдарды қалыптастыруға, «тұрақты даму» саласындағы экологиялық тәрбие мен ағартуға, тірі табиғатты зерделеу мен (табиғаттың жас зерттеушілері) мен сақтау дағдыларын дамытуға, табиғатты ұтымды пайдалануға (қызмет аясы- адам-табиғат) бағытталған;

*Жаратылыстану-ғылыми бағыт* - жаратылыстану ғылымдары (қызмет аясы – адам-табиғат немесе қоршаған орта) саласында бейімділіктері бар білім алушылардың ғылыми дүниетанымын, ғылыми ойлауын қалыптастыруға, әлемді ғылыми танып-білу әдістерін меңгеруге және зерттеу қабілеттерін дамытуға бағытталған және адамның қисынды операциялар арқылы қоршаған орта объектілерін жіктеп, реттеу қажеттілігін іске асырады;

*Әлеуметтік-педагогикалық бағыт* – білім алушыларды әлеуметтік бейімдеуге, олардың түрлі әлеуметтік институттармен өзара іс-қимылға дайындық деңгейін арттыруға, қазіргі заманғы әлеуметтік өмірдің негізгі салалары, қоғамның құрылысы туралы білімдерін қалыптастыруға, коммуникативті, әлеуметтік тұрғыдан табысты жеке тұлғаны дамыту, «әлеуметтік практиканы» кеңейту үшін жағдай жасауға, әлеуметтік құзыреттілікті тәрбиелеуге (қызмет аясы - адам – қоғам, адам - адам), педагогикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

*Мәдениеттану бағыты* – балалардың тарихты, мәдениетті зерделеу саласындағы қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыруға,

шығармашылық тұрғыдан дамушы жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Қызметтің басым бағыттары: білім беру, әдістемелік, мұражай-көрме бағыты, мәдени-ағарту бағыты;

*Спорттық-техникалық бағыт* - техникалық шығармашылық саласында (қызмет аясы - адам-машина) бейімділіктері бар білім алушылардың, модельдер таңдауға және оларды конструкциялауға көңіл бөлумен және жеке шығармашылық өнімдерімен жарыстарға шығумен, қолданбалы, конструкторлық қабілеттерін дамытуға бағытталған; *Туристік-өлкетану бағыты* – білім алушылардың табиғатты, тарихты, туған өлке мәдениетін зерделеу бойынша танымдық, зерттеу дағдыларын дамытуға, білім алушыларды табиғатты, тұратын ортасының мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі әлеуметтік бастамаларға, туған өлке тарихының аз танымал фактілерін іздестіру жұмыстарына тартуға бағытталған экскурсиялық, мұражайлық, мұрағаттық және экспедициялық жұмыс.

**Балаларды әлеуметке ойдағыдай бейімдеу үшін қосымша және жалпы білім беру интеграциясы бойынша Павлодар қаласының «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» МКҚК жұмысының тәжірибесі**

Адамның білімі, зияткерлік даму деңгейі басты стратегиялық ресурс пен экономиканың маңызды даму факторына айналған қазіргі заманғы қоғамда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылады.

Білім беру саласын жаңғырту жолында Павлодар қаласының Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы білім беру нәтижелерін жаңаша түсінуге уақтылы бейімдеу үшін оқу-білім беру процесін ұйымдастыру тәсілдерін қайта қарай отырып, қызметтің белгілі бір өз тұжырымдамасын әзірледі.

Мектептегі жалпы білім беру негізінен оқытылатын пәндер бойынша, өз ерекшеліктеріне байланысты одан әрі кәсіби оқыту алдыңғы немесе кәсіби оқыту үшін жағдай жасайтын өскелең ұрпақтың өзін-өзі айқындау саласы нақты салаға айналатын қосымша білім беруде білім беру стандарттарына бағдарланған. Мектеп оқушыларын әлеуметтік бейімдеу үшін, түрлі клубтардың, секциялардың, үйірмелердің жұмысына қосыла отырып, олар бастамашылық, дербестік, көшбасшылық қасиеттер, ұжымда жұмыс істей білу қабілеттерін танытаныны да маңызды.

Қосымша және жалпы білім беруді интеграциялау Орталық қызметінің тиімді және перспективалы бағыттарының бірі болып табылады. Бұл қосымша білім беруді дамытуды оңтайландыруға, оның жүйелік сипаттамаларын күшейтуге, білім беруді дамыту процесіне басқа да типтегі білім беру ұйымдарын қосуға мүмкіндік береді, бұл, өз кезегінде, білім беру кеңістігін кеңейтіп, жекелеген бағыттарды жүйеге біріктіреді және әрбір ұйымның ерекшелігін сақтап қалады.

БЖЭТО (Балалар-жасөспірімдер экологиясы және туризм орталығы) педагогикалық ұжымы білім беру-тәрбие процесінің сапасын



басқарудың тұжырымдамалық идеяларын түсіну, зерделеу және қалыптастыру арқылы жаңа тұжырымдамалық қызметті әзірледі, онда ұйымдастырушылық негіз ретінде біздің білім беру жүйеміздің белгілі бір қайта құрылулардың нәтижесінде қандай болуы тиіс екендігін сипаттайтын идеялардың жиынтығы берілген.

Орталықтың Даму бағдарламасы «2012-2016 жылдарға арналған білім алушылардың өзін-өзі кәсіптік айқындау құралы ретіндегі құзыреттілік тәсіл» бірнеше кезеңді қамтиды:

1-кезең - бағдарламалық-әдістемелік, содан кейін оқу-тәрбие қызметіне құзыреттілік тәсілді енгізу;

2-кезең – негізгі және қосымша білім беру интеграциясы;

3-кезең – үздіксіз білім беру кеңістігін қалыптастыру.

«Енгізу» деп аталатын бірінші кезең аяқталу сатысына жақындады, бірақ бірінші кезеңмен қатар «негізгі және қосымша білім беру интеграциясы» деп аталатын екінші кезеңнің іс-қимылдары пысықталды.

Интеграцияға бағдарлану білім беру-тәрбиелеу қызметінің үздіксіз болуына алып келіп, әлеуметтендіруге және баланы әлеуметке бейімдеуге бағдарланған кеңістікті қалыптастыруға көшуге көмектесті.

Балаларға жалпы және қосымша білім беру интеграциясының әзірленген модельдеріне сәйкес тұжырымдаманы іске асыру жүргізіледі.

**Бір жақты өзара іс-қимыл моделі.** Мектептер базасында, сол сияқты Орталық базасында өз бетінше жұмыс істейтін үйірмелер, секциялар, клубтар қызметі. Олардың арасындағы өзара іс-қимылдың стратегиялық желілері пысықталмайды. Өкінішке орай, әзірше бұл неғұрлым кең таралған модель. Бірақ жалпы білім беретін мектептегі қосымша білім берудің мұндай нұсқасының белгілі бір мағынасы бар, өйткені ол балалардың жұмыспен айналысуларына және олардың мүдделерінің спектрін айқындауға ықпал етеді. 25 мектептен бұл модель бойынша Орталық 15 білім беретін мектепте жұмыс істейді.

**Интеграциялық өзара іс-қимыл моделі.** Бұл модель мектептің білім беру жүйесін дамыту жөніндегі жалпы бағдарламаға құрамдас бөлігі ретінде кіретін қосымша білім беруді дамыту бойынша бірлесіп әзірленген бағдарлама негізінде біртұтас білім беру кеңістігін құру мүмкіндігін ұсынады. Бұл модельде қосымша білім берудің осы білім беретін оқу бағдарламалары іске асырылатын Орталықтың және мектептің ресурстық (МТБ, кадрлар, ақпараттық, бағдарламалық-әдістемелік) мүмкіндіктері тең түрде пайдаланылады.

Бұл модельде Орталық базасында, сол сияқты мектеп базасында алуан түрлі нысандар пайдаланылады, олар: элективтік курстар, экологиялық лекторийлер, жобалау-зерттеу қызметі, оқушылардың ғылыми қоғамдарының жұмысы, оқу-өндірістік, экологиялық-өлкетану, туристік практикумдар мен экскурсиялар.

**Экологиялық-өлкетану практикумдар, археопалеонтологиялық экспедициялар** Орталық мұражайымен бірлесіп ұйымдастырылады және жүргізіледі. Өңірлік құрамдауышты пайдаланумен тарих, география, биология бойынша шешуші құзыреттерді практикалық қолдану жүріп

жатыр. Білім алушылар экскурсия жүргізуші, мұражай қызметкері, ғылыми-зерттеу қызметінің негіздерімен қоса зерттеуші дағдыларын (мамандық алғанға дейінгі) меңгеріп шығады.

**Оқу-өндірістік практикумдар, практикалық сабақтар, экскурсиялар** Орталықтың экологиялық-ботаникалық кешені базасында ұйымдастырылады және жүргізіледі, оған оқу кабинеттері, өсімдіктердің түрлік алуан құрамымен қоса оранжерея, жемістер және декоративтік-бұта тұқымды көшеттігі, жидектігі, бағы, дендрарийі, гүлді-декоративтік бөлімдері бар 3,5 га өндірістік учаске кіреді.

Осы кешенді пайдалану зерделенетін құбылыстар мен заттарды терең түсінуді қамтамасыз ете отырып, олар туралы дұрыс түсінік қалыптасуына ықпал етеді, барлық жас топтарындағы оқушыларға жергілікті және жерде өспейтін флораның өсімдіктерін зерделеуге, ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізуге көмектеседі. Білім алушылар агроном, бағбан, гүл өсіруші, ландшафтық дизайнер, жылыжай шаруашылығының қызметкері дағдыларын (мамандық алғанға дейінгі), ғылыми-зерттеу қызмет негіздерін меңгеріп шығады.

**Экотуристік практикумдар** оқу кабинеттері, жаттықтыру жиындарын ұйымдастыратын өндірістік үй-жайлар, туристік-жаттықтырушы біраяқ жол, скалодром кіретін Орталықтың туристік-жаттықтырушы базасында ғана емес, сондай-ақ жорықтар, экспедициялар, саяхаттар, жарыстар түрінде де өтеді. Күмәнсіз, практикумның аталған түрі денсаулықты сақтайтын, коммуникациялық, әлеуметтік, шығармашылық құзыреттер сияқты дамытушы құзыреттерді қалыптастыру бойынша тиімді кешендік құрал болып табылады.

Экология, туризм, өлкетану сияқты үш бағыт бойынша **жобалау-зерттеу және табиғат қорғау қызметімен** Павлодардың интеграция бағдарламасы бойынша Орталықпен жұмыс істейтін 25 мектебі түгел қамтылған. Ұсынылып отырған нысан «Экология. Туризм. Өлкетану» марафоны шеңберінде іске асырылады. Марафон іс-шараларының жүйесі: конкурстар, ғылыми-практикалық конференциялар, көрмелер, фестивальдер, жарыстар жоғары нәтижелерге қол жеткізген, ерекше қабілеттерін көрсеткен дарынды балаларды анықтауға мүмкіндік береді.

Одан әрі осы оқушылармен ОҒҚ (оқушылардың ғылыми қоғамы) бағдарламасы бойынша сырттай экологиялық-өлкетану мектебінің педагог мамандары жұмыс істей бастайды.

### **Қашықтықтан өзара іс-қимыл моделі.**

Аталған модель қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру қажеттілігі бар, бірақ қосымша білім беру мамандары жоқ немесе жетіспейтін мектептерде неғұрлым тиімді. Бұл модельді Орталық тиісті кадрлық әлеуеті бар балаларға қосымша білім беру ұйымдарының тиісті алуан түрлілігі жоқ ауылдық аймақтағы мектептермен жұмыс барысында пайдаланады. Оны іске асыру екі бағыт бойынша жүреді: оқушылармен жұмыс және педагогтермен жұмыс.

1. Орталық қашықтықтан оқытылатын элективтік курстар ұйымдастырады, сырттай экологиялық-өлкетану мектебінің жұмысы

шеңберінде оқушыларға ғылыми-зерттеу қызметін жүргізуге, тақырыптар мен ғылыми жетекшілер таңдауға көмектеседі.

2. Виртуалды әдістемелік кабинет интернет-конференциялар, консультациялар, семинарлар, практикумдар, мастер-кластар, біліктілік арттыру курстары түрінде қосымша білім беру бағдарламаларын, жұмыста тәжірибе алмасуды, ақпараттық-баспа қызметті іске асыратын педагогтерге нұсқамалық-әдістемелік көмек көрсетеді.

**Әлеуметтік серіктестік моделі.** Бұл модельде білім беру кеңістігінің жаңа түрін қалыптастыру үшін нақты негізді құраушы және әрбір баланың жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына, оның өзін-өзі айқындау жолдарын іздестіруге ықпал етуші білім беру ресурстарын тарту мүмкіндігін қамтамасыз ететін мектептермен, колледждермен, жоғары оқу орындарымен, мәдениет, денсаулық сақтау, туризм және спорт ұйымдарымен, экологиялық және үкіметтік емес ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен интеграциялық өзара іс-қимылдың ең жоғары дәрежесі байқалады.

Орталықта резервтер жинақталып, ынтымақтастық пен интеграция жағдайында үздіксіз білім беру кеңістігі жүйесін құруға мүмкіндік беретін бағдарламалық-әдістемелік және техникалық қамтамасыз ету жолға қойылған.

БЖЭТО (Балалар-жасөспірімдер экологиясы және туризм орталығы) алдында әрқайсысы қойылған міндетін орындайтын және жоспарлы түрде даму жағдайында болатын бір үлкен организмді еске түсіретін негізгі білім беру ұйымдарымен нақты өзара іс-қимыл жүйесін құру міндеті тұр.

Жоғарыда тізбеленген модельдерді іске асыру оқушылардың негізгі және бейінді пәндер бойынша құзыретін кеңейтіп, оларға деген аса қызығушылықтарын қалыптастырады, ғылыми-зерттеу қызметін ынталандырып, балалардың өмірлік өзін-өзі айқындауға дайындығының сапалы деңгейін арттырады және қазіргі заманғы жағдайдағы өмірге бейімделулеріне көмектеседі.

## Қорытынды

Интеграцияға бағдарлану баланы әлеуметтендіру мен әлеуметке бейімдеуге бағдарланған бірыңғай білім беру кеңістігіндегі білім беру-тәрбиелеу процесінің үздіксіз болуына алып келіп, Қазақстан Республикасының халықаралық бағалаулар (PISA, TIMSS, PEARLS және басқалары) рейтингтеріндегі позициясының жоғарылауына ықпал ететін болады.

Балаларға қосымша және жалпы білім берудің интеграциясы:

- баланың құқықтарын іске асыруға бағытталған оң өзгерістерге, балалардың жағдайын жақсартуға, отбасының әлеуметтік-экономикалық қорғалуына;
- балалар мен жасөспірімдер арасында болатын әлеуметтік емес құбылыстардың алдын алудың тиімділігін арттыруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға;
- мемлекеттік кепілдіктер, өзін-өзі кәсіптік айқындау және баланың жеке тұлға ретінде әлеуметтік қалыптасуы негізінде балалардың қосымша білім алуларына қол жеткізулерін, тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге;
- қосымша білім беру бағдарламалары бойынша білім алушы балалардың үлес салмағын ұлғайтуға;
- шығармашылық қызмет пен білімнің түрлі салаларында мемлекет тарапынан көмек және қолдау көрсетілетін дарынды балалардың үлесін ұлғайтуға;
- қазіргі заманғы заңнамалық база құруға, нормативтік құқықтық қамтамасыз етуге, балаларға қосымша білім беруді дамыту тетіктерін әзірлеуге;
- әлеуметтік мәртебенің өсуін қамтамасыз етуге, білім беру жүйесінің педагог және басшы кадрларының сапалы құрамын жақсартуға;
- балаларға қосымша білім беру жүйесінің дағдарыссыз тұрақты даму режимінде жұмыс істеуіне ықпал етуге бағытталған.

Білім беру ортасын дамыту үрдістерін ескере отырып, ***ведомствоаралық өзара іс-қимылда мынадай басымдықтар атап көрсетіледі:***

- Балалардың сапалы және дамытушы демалысын ұйымдастыру.
- Балаларға қосымша білім беруге арналған әлеуметтік тапсырысты айқындау.
- Қайырымдылық және инновациялық қызметті ұйымдастыру.
- Балаларға қосымша білім беру жүйесі қызметкерлерінің кәсіби дайындығы және олардың біліктілігін арттыру.

Бүгінде қосымша білім беру – бұл білім берудің қазіргі кіші жүйесі, жеке тұлғаны тәрбиелеуді, оқытуды және дамытуды біріктіретін бірыңғай, мақсатты процесс. Қосымша білім берудің мақсаты – балаға өз мінез-құлығының әрі әлемді тани білуінде иегері өзі екендігін сезінетіндей жағдай жасау. Қосымша білім беруде таңдаудың болуы және оны жүзеге асыру еркіндігі, құзыреттілік пен шеберлікке ұмтылу, табысты болу жағдайын жасау және басқа да қосымша білім берудің өзіндік ерекшеліктері баланың ішкі уәждемесіне ықпал етеді.

Жоғары сынып оқушыларын бейіналды дайындау мен өзін-өзі кәсіби айқындаудың шешуші проблемасын бірлескен күш-жігер арқылы ғана шешуге болады. Өсіп келе жатқан адамды қоғам өміріне дайындау – жалпы және қосымша білім берудің мақсаты және оны іске асыру бойынша бірлескен жұмыс кезінде олар тең құқылы және бір-бірін өзара толықтыратын құрамдауыштар болады.

## 1-қосымша

### «Қошаған орта мониторингі» элективті курсының білім беру оқыту бағдарламасы

#### Түсіндірме жазба

Адам дамуының әр жаңа кезеңінде қоғам мен табиғат дамуының жалпы заңдылықтарын білетін, қоғам тарихы мен табиғат тарихының тығыз байланысатынын түсінетін, өз қызметінің барлық түрлерін табиғатты тиімді пайдалану талаптарына бағындыра алатын азаматты тәрбиелеу қажеттігі туындайды.

Білім алушылардың бойында табиғат қорғау ілімдерін қалыптастыру процесінде оң нәтиже алу үшін әдістемелік оқыту жүйесін әзірлеу барысында келесі қағидаттарды басшылыққа алу керек:

- мақсатқа бағыт алушылық;
- үздіксіздік;
- жүйелілік;
- орнын басушылық;
- пәнаралылық.

Сонымен бірге табиғатты зерделеу процесі кезеңдер бойынша жүріп отыруы тиіс:

1. Білім алушыларға экологиялық білімдердің қажетті көлемін беру.
2. Экологиялық жағдайға талдау жасай білуді қалыптастыру.
3. Қоршаған ортаның ең қарапайым мониторингін жүргізе білуді қалыптастыру.
4. Қоршаған ортадағы жағымсыз жағдайды түзету үшін өзінің сенімдеріне сүйене отырып әрекет етуге үйрету /2/.

Әр кезеңге шешілуіне нақты бір әдістер, тәсілдер мен оқыту нысандарын іріктеу ықпал ететін белгілі бір міндеттер сәйкес келеді /29/.

Ұғымдар іріктемесі үлкен мағынаға ие. Бұл жағдайда бір бірімен байланысқан химиялық, экологиялық және табиғат қорғау ұғымдары жүйесін пайдалану тиімді болып саналады /30/.

Экологиялық ойлау мен экологиялық мәдениетті ойдағыдай қалыптастыру үшін білім алушының білігіндегі келесі құрамдауыштардың дамуына көмектесу қажет:

- экология проблемаларын біртұтас пайымдау;
- негізгі химиялық, экологиялық және табиғат қорғау ұғымдарымен операция жасау;
- химиялық заттар, химиялық өндірістердің қосалқы сипатын аша білу;
- қоршаған ортаның ең қарапайым мониторингі үшін химиялық тәжірибе жасай білу.

Берілген әдістемелік тәсіл «Қоршаған орта мониторингі» курсының мазмұнын іріктеу барысында пайдаланылды.

«Қоршаған орта мониторингі» курсының бағдарламасы биология, химия және экология бойынша аздаған білімі бар орта және жоғары сынып оқушыларына арналған. Ол ертерек меңгерілген мәліметтерді берік игеруге бағытталған, қоршаған ортаны жақсы тануға мүмкіндік береді, табиғатты тиімді пайдалану дағдыларын сіндіреді, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Бағдарламаның мақсаты – өзінің ортасының жергілікті экологиялық мониторингін жүргізу дағдылары мен практикалық біліктілігін дамыту.

Арнайы курс сабақтары аймақтық проблемаларға, әдетте, мектеп шағын ауданы кіретін жергілікті жоба бойынша жұмысқа бағытталған.

Практикалық және зертханалық сабақтардың мақсаты бірнеше оқушыны қоршаған ортаның күйін экологиялық бақылау бойынша негізгі дағдылар мен біліктерге үйрету болып табылады.

Бағдарлама кіріспе мен үш бөлімнен тұрады:

- 1) Атмосфералық ауа күйінің мониторингі.
- 2) Су күйінің мониторингі.
- 3) Топырақ күйінің мониторингі.

Алынған экологиялық мониторинг нәтижелері олимпиада, байқау, конференцияларда ұсынылатын шығармашылық жұмыстар, ғылыми жобалар жазуда қолданылады. Сондай-ақ олар өзінің жергілікті жеріндегі нақты бір объектілердің жай-күйі туралы ақпарат беретіндіктен зор әлеуметтік мағынаға ие.

Арнайы курсты оқып бітіргеннен кейін білім алушылар төмендегілерді білуі керек:

- экологиялық ұғымдардың мәні;
- ортаның негізгі экологиялық факторларының мағынасы;
- жаһандық экологиялық проблемалар түрлері;
- экологиялық проблемаларды шешудегі химияның рөлі;
- атмосфералық ауа, су, топырақ ластау көздері мен түрлері және оларды тазарту әдістері;

- қоршаған ортаның ластануының зардаптары (радиация әсері, табиғат ресурстарының тиімсіз пайдаланылуы және т.б.);
  - планетаның атмосфералық ауа мен су ресурстарын қорғау аясындағы заңдылықтар туралы;
  - жергілікті маңызды экологиялық проблемалар; Қазақстанның экологиялық апатты өңірлері.
- Мыналарды білу керек:
- өзінің жергілікті жерінің қоршаған ортасының күйін қадағалау;
  - қоршаған ортаны ластаушы көздерді анықтау;
  - нақты деректер мен сапа нормаларын салыстыра отырып, табиғат ортасының жағдайын бағалау;
  - атмосфералық ауа, су, топырақ, қар сынамаларын тазартудың ең карапайым әдістерін қолдану.

### Оқу-тақырыптық жоспар

№	Мазмұны	Барлығы	Ескертп
	<b>Кіріспе</b>	6	
1	Қоршаған ортаны мониторингілеудің мағынасы	1	
2	Негізгі экологиялық ұғымдар	1	
3	Ортаның экологиялық факторлары	1	
4	Жаһандық экологиялық проблемалар	1	
5	Экологиялық проблемаларды шешу жолдары	1	
6	Өндірістік қалдықтар мен оларды қайта өңдеу тәсілдері	1	
	<b>1-тақырып. Атмосфералық ауа күйінің экологиялық қадағалануы</b>	13	
7-8	Атмосфералық ауа, оның құрамы. №1,2 ЗТ	2	
9	№1 практикалық жұмыс	1	
10	№2 практикалық жұмыс	1	
11	Оттегі мен көмірқышқыл газының ағзалар		
12	өміріндегі рөлі №3 ЗТ	1	
13	№3 практикалық жұмыс	1	
14	Атмосфералық ауа ластау көздері	1	
15	№4 практикалық жұмыс	1	
16	№5 практикалық жұмыс	1	
17	№6 практикалық жұмыс	1	
18	Ауаны шаңнан тазарту әдістері №4 ЗТ	1	
19	Атмосфералық ауаны қорғау. Полигон	1	
	<b>3-тақырып. Су күйінің экологиялық бақылауы</b>	8	
20	Судың құрамы, қасиеттері. №5 ЗТ	1	
21	Біз не ішеміз? №6,7 ЗТ	1	
22	Тірі ағзаларға металдардың әсері	1	
23	№7 практикалық жұмыс	1	
24	№8 практикалық жұмыс	1	



25	Судың ластану көздері	1	
26	№9 практикалық жұмыс	1	
27	Қазақстан суларын қорғау. Арал	1	
	<b>4-тақырып. Топырақ күйінің экологиялық бақылауы</b>	<b>5</b>	
28	Топырақтың құрамы. №8 ЗТ	1	
29	Топырақтың қасиеттері. №9,10,11,12,13 ЗТ	1	
30	Топырақтың нәрлі заттары. №14,15 ЗТ	1	
31	Топырақтың ластану көздері. №16 ЗТ	1	
32	Топырақты қорғау.	1	
33	Сынақ сабағы	1	
34	<b>Қорытынды конференция</b>	<b>1</b>	

### Бағдарламаның мазмұны

**Кіріспе (6 сағ).** Адамның оның қоршаған ортасындағы қосалқы рөлі (жағымды және жағымсыз әсер мысалдары). Табиғат кешендерін сақтап қалудағы қоршаған ортаны мониторингілеудің рөлі. Мониторингілеу түрлері (кіші жүйелер). Экологиялық мониторинг – биосфераның кешенді мониторингі. Негізгі экологиялық ұғымдар. Экологиялық факторлар. Қоршаған ортаны қорғау. Экологиялық проблемалар. Экологиялық проблемаларды шешу жолдары. Қоршаған ортаның ластануы. Ластану көздері мен түрлері. БРК туралы ұғым (Барынша рұқсат берілген концентрация). 2012 жылғы "Экологиялық кодекс". Өндірістік қалдықтар және оларды қайта өңдеу.

**1-тақырып. Атмосфералық ауа күйінің экологиялық бақылауы (13 сағ).** Атмосфералық ауа, оның құрамы. Оттегі мен көмірқышқыл газының адам организмінде жүретін процестердегі рөлі. Атмосфералық ауаның ластану көздері. Ластанудың тірі организмдерге әсері. Атмосфералық ауаны тазарту тәсілдері. Радиация. Радиация зардаптары, Семей полигоны. Өңірлік деңгейдегі атмосфералық ауа жағдайының мониторингісі.

Зертханалық тәжірибелер.

1. Ауадағы көмірқышқыл газын сапалы анықтау.
2. Ауадағы азот пен оттегінің құрамын анықтау.
3. Өсімдіктердің тыныс алуының, жануарлардың және жану процесінің ауа құрамына әсері.

4. Ауада қатты бөлшектердің болуын зерттеу.

Практикалық жұмыстар:

1. Ауадағы оттегінің сандық анықтамасы.
2. Лунге-Цеккендорф әдісі бойынша көміртек (IV) оксидін анықтау.
3. Автокөліктің зиянды шығарындылары көлемін шамалап есептеу.

4. Өсімдіктерде қорғасынның болуын зерттеу.

5. Қышқылды жаңбыр.

6. Темекі түтінін зерттеу.

**2-тақырып. Су күйінің экологиялық бақылауы (8 сағ).** Су құрамы, қасиеттері. Судың негізгі ластану көздері және олардың тірі организмдерге әсері. Су тазарту әдістері. Қазақстан суларын қорғау. Арал теңізінің проблемалары.

Зертханалық тәжірибелер:

5. Су лайлығын анықтау.

6. Органың реакциясын анықтау.

7. Органикалық заттарды табу.

Практикалық жұмыстар:

7. Судағы катиондарды сапалы анықтау.

8. Қарды зерттеу.

9. Судағы аниондарды сапалы анықтау.

**3-тақырып. Топырақ күйінің экологиялық бақылауы (7 сағ).** Топырақтың құрамы мен функциялары. Топырақтың типтері. Топырақтың ластануы. Топырақты ластаушы көздер. Ластану түрлері. Топырақты қорғау.

Зертханалық тәжірибелер:

8. Топырақтың механикалық және минералды құрамын анықтау.

9. Топырақ құрылымын анықтау.

10. Топырақтың ылғал сіңіргіштігін анықтау.

11. Топырақтың су сіңіргіштігін анықтау.

12. Топырақ үлгісіндегі ауаны анықтау.

13. Тұздық сығындының қышқылдығын анықтау.

14. Топырақтың тұздылығын зерттеу.

15. Топырақ құрамындағы гумусты анықтау.

16. Рекреациялық жүктемені анықтау (жайпау).

## Әдебиеттер тізімі

1. Закон РК «Об охране окружающей среды» / / Казахстанская правда. Опубл.5.08.97.-С.3. "Экологический кодекс" от 2012 года.

2. Спецкурс «Химическая экология»/Ачкинадзе О.С., Жакупова А.Н.- Павлодар: ИПК ПК, 2004.-35 с.

3. Попова Т.А. Экология в школе. Мониторинг природной среды.- Москва: Творческий центр, 2005.- 60 с.

4. Экологическое образование школьников / Зверев И.Д., Суравегина Т.И.- М.: Педагогика, 1983.-160 с.

5. Программы средней общеобразовательной школы. Химия / Нурахметов Н.Н., Сарманова К.А, Кембебаева Ж.С.- Алматы: Рауан, 1993.

6. Программа для школ (классов) с углубленным теоретическим и практическим изучением химии / Сарманова К.А., Сармурзина А.Г., Цыганкова И.И., Шафиева Л.К..- Алматы, 1989.

7. Программа для средних общеобразовательных школ по курсу химии с основами экологии / Перкас В.Н., Сарманова К.А- Алматы: РИК, 1994.
8. Назаренко В.М. Интегрированный курс «Экология и цивилизация» // Химия в школе, 1992.- 5-6.
9. Назаренко В.М. Программа факультативного курса для учащихся X-XI классов «Химия и охрана окружающей среды» // Химия в школе, 1992.№3-4
10. Назаренко В.М. Программа экологизированного курса химии для средней общеобразовательной школы VIII-XI классов // Химия в школе, 1993-5.-С.35.
11. Верховский В.Н., Смирнов А.Д. Техника химического эксперимента: В 2 т - М.: Просвещение, 1973:1974.- Т.2 - С.3-11.
12. Цветков Л.А. Химический эксперимент по органической химии. - М.: Просвещение, 1973-288 с.
13. Полосин В.С. Школьный эксперимент по неорганической химии. Просвещение, 1970.-336 с.
14. Чертков И.Н., Жуков П.Н. Химический эксперимент с малыми количествами реактивов -М.: Просвещение, 1989.- 191 с.
15. Назаренко В.М., Лучинина Н.В. Школьный химический эксперимент в экологическом образовании // Химия в школе,- 1993.- №6.
16. Химические эксперименты экологической направленности / Сармурзина А.Г., Мукушева Г.К., Искакова К.А. - Алматы: Казак университеті, 1998.51 с.
17. Пономаренко О.И., Сармурзина А.Г. Мониторинг и методы контроля объектов окружающей среды. - Алматы: Казак университет, 1998.14 с.
18. Медведева Н.В., Сидорова О.В., Трубачева Л.В. Практикум по экологической химии. - Ижевск, 1999. - 156 с.
19. Конституция РК. - Алматы: Норма - К, 2002. -С.11.

## **2-қосымша**

### **«Электрлік тұрмыстық аспаптарды жөндеу» элективті курсының білім беру оқыту бағдарламасы**

#### **Түсіндірме жазба**

Электр энергиясы пайдалану үшін қолайлы және әмбебап болып табылады. Оны энергияның кез келген басқа түрінен алуға болады, үлкен қашықтыққа оңай жеткізуге, жеке пайдаланушыларды энергиямен қамтамасыз ету үшін оңай «бөлшектеуге» болады. Энергетика халық шаруашылығының алдыңғы қатарлы саласы болып табылады; ол басқа салаларға қарағанда жылдам қарқынмен даму үстінде. Ең жаңа материалдар мен өнімдер шығару, жаңа технологиялық процестер, өндірісті автоматтандыру, сондай-ақ ақпаратты қайта өңдеу мен басқару – осының барлығы электр энергиясына және, ең алдымен, оны технологиялық пайдалануға негізделеді.

Электр тогы мен оны қолдану туралы білім негіздерін, электрлік техникалық дағдылар мен біліктердің бірқатарын оқушылар мектепте физика сабақтарында ала алады.

«Электрлік тұрмыстық аспаптарды жөндеу» элективті курсы кәсіпалды 9-сынып оқушыларына арналған және 22 сағатқа есептелген. **Элективті курстың мақсаты** – электр техникасы туралы білім мен білікті жетілдіру және электрлік тұрмыстық аспаптарды бөлшектеп жөндей алу мен дағдыларын сіндіру.

**Курстың міндеттері:**

- Электрлік техника негіздері бойынша теориялық білім беру;
- Электрлік монтаждық жұмыстарды орындауға, электрлік тұрмыстық аспаптарды жөндеуге қажетті практикалық дағдылар мен біліктерді сіндіру.

- Электрлік техникалық мамандықта білім алуға бағдар беру. Курстың теориялық бөлігінде білім алушыларға теориялық білім, электрлік техника бойынша техникалық анықтамалар беріледі, практикалық бөлікте қарапайым электр тізбектерін жинау бойынша зертханалық-практикалық жұмыстар, қарапайым электрлік монтаждық жұмыстар, электрлік тұрмыстық жабдықтарды жөндеу жұмыстары орындалады.

Оқушылар курсты аяқтағаннан кейін сынақ тапсырады, көрме мен курсанттар орындаған дайын құрылғыларды қорғау ұйымдастырылады.

**Оқу-тақырыптық жоспар**

№	Сабақ тақырыбы	Сағаттар саны		
		Теор.	Практ.	Барлығы
1	Кіріспе сабағы. Электр энергиясын өндіру және пайдалану. Электр энергиясының көздері.	2	-	2
2	Электір тогы туралы ұғым. Қарапайым электр тізбегі. Тұтынушылардың бірізділігі және бірізді байланысы	2	-	2
3	Пәтердегі жарық беру желісі. Жарық көзі, тұтынушылар, сөндіргіштер, сымдар.	2	-	2

4	Тұрмыстық электр жабдықтары.	2	2	4
5	Электрөлшегіш құралдар.	1	1	2
6	Тұрмыстық электр жабдықтарын жөндеу.	-	8	8
7	Сынақ сабағы. Жоба қорғау, жұмыстар көрмесі. Сертификат беру.	2	-	2
	Барлығы	11	11	22

### Элективті курстың мазмұны

**1. Кіріспе сабағы. Электр энергиясын өндіру және пайдалану. Электр энергиясының көздері. (2 сағат).** Элективті курс бағдарламасымен, мақсаттарымен және міндеттерімен танысу. Қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі. Электр энергиясының көздері. Электр энергиясын өндіру және пайдалану. Электр бекеттерінің жіктемесі. Электр энергиясы электр бекетінің тұтынушыға жеткізілуі.

**2. Электр тогы. Қарапайым электр тізбегі (2 сағат).** Электр тогы, өткізгіштер мен оқшаулағыштар туралы ұғым. Тұрақты және ауысымды ток. Қарапайым электр тізбегі, электр энергиясын тұтынушылар. Сызбалардағы электр құралдарының шартты белгілері. Тұтынушылардың бірізді және параллельді байланысының тұжырымдамалық сызбасы.

**3. Пәтердегі жарық беру желісі. Жарық көздері, тұтынушылар, сөндіргіштер, сымдар (2 сағат).** Тұрғын үйдің электр желісі. Құрылғы және бірфазалы есептегіш. Тұрғын пәтердегі энергия тұтынушылары. Электр сымдары, олардың жіктемесі. Сөндіргіштер конструкциясы. Екі полюсті сөндіргіші бар үш лампалы аспашамның электрикалық сызбасы.

**4. Тұрмыстық электр құралдары (4 сағат).** Тұрмыстық құралдар жіктемесі. Жылыту құралдарының жұмыс істеу қағидаты. Тұрмыстық құралдар техникалық паспорты және оларға техникалық қызмет көрсету ережелері туралы ұғым. **Практикалық жұмыс:** Электр тұрмыстық құралдарды пайдалану кезіндегі талаптар. Электр энергиясын, қуатын пайдалану бойынша есеп.

**5. Электр өлшегіш құралдар. (2 сағат).** Қарапайым электр өлшегіш құралдар. Олардың жұмыс істеу қағидаттары. Құралдар атаулары. Құралдардың сызбаларындағы және шкалалардағы шартты белгілер. Вольтметр мен амперметрді электр тізбегіне қосу тәсілдері. Бір фазалы есептегіш құрылғы мен оның қосылуы, көрсеткіштер санауының басы.

**Практикалық жұмыс:** Вольтметр мен амперметрді электр тізбегіне қосу

**6. Электрлік тұрмыстық құралдарын жөндеу (8 сағат).**

**Практикалық жұмыс:** Электр желісіне жөндеу жүрген кездегі еңбек қауіпсіздігінің талаптары. Қалта шамына арналған батарея құрылғысын зерттеу. Өшіргішті, лампалық патронды жинау және қарапайым электр тізбегін қосу. Бірізді және параллельді қосылған тұтынушылар тізбегін жинау. Сымдарды патронға және айырмаға қосу. Ұзартқышты жинау. Аспашамның электрлік шынжырын жинау. Сымдарды бекіту тәсілдері. Қосылған жерлердегі сымдарды бөлу, тұтастыру, жабыстыру және окшаулау. Сымдарды тұйықтау және тұтастыру.

**7. Сынақ сабағы, жұмыстар көрмесі. Сертификаттар беру. (2 сағат)**

Электр сызбасын жинау бойынша сынақ. Жобаларды қорғау. Жұмыстар көрмесі. Сертификаттар беру.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Борисов В.Г. Практикум начинающего радиолюбителя - М: ДОСААФ, 1983.

2. Борисов В.Г. Юный радиолюбитель – 7 издание переработанный и дополненный - М: «Радио и связь», 1992.

3. Варламов Г.Г. Мастерская радиолюбителя – М: «Радио и связь», 1983.

4. Дети, техника, творчество. № 1, 2006; № 5-6, 2007; № 1, 4, 6, 2008.

5. Иванов Б.С. В помощь радиокружку – М.: Энергия, 1982.

6. Иванов Б.С. Электроника в самоделках. – М.: ДОСААФ, 1995.

7. Меерсон А.М Радиоизмерительная техника. – 3-е изд., перераб. и дополн. – Л: Энергия, 1977.

8. Путьтин Н.Н. В помощь начинающему радиолюбителю. – М: ДОСААФ, 1982.

9. Семенов Л.В. Юный электротехник. – М: Просвещение, 1996.

10. 300 практических советов. – М: Московский рабочий

11. Сиднеев Ю.Г., Грановский В.Г. Электротехника. Учебник для студентов ССУЗ-ов, педагогических вузов. Ростов-н/Д: Феникс, 1999.

12. Справочник радиолюбителя-конструктора. – 3 –е изд., перераб. и доп. – М: Радио и связь, 1982.

**«Менің бірінші ғылыми еңбегім» элективті курсының білім беру оқу бағдарламасы**

**Түсіндірме жазба**

XXI ғасырда Интернеттен кез келген тақырыпқа арналған рефератты көшіруге, ал курстық және дипломдық жұмысты сатып алуға болады. Дегенмен, көптеген адамдар өзіндік жұмысты көшіріп алу немесе басқа біреудікімен ауыстыру неге алып келетінін анық түсінеді.

Кәсіби оқыту саласында бұл зияткерлік және рухани өзін-өзі құртуына ұқсас: адам дамымайды, тұлға ретінде қалыптаспайды; жоғары оқу орны немесе колледжден «шала», содан кейін өзіне ұқсастарды тәрбиелейтін маман шығады.

Оқытуды ұйымдастырудың ешбір нысаны оқу-зерттеу қызметі сияқты жеке тұлғаға бағдарланбаған. Ол жеке тұлғаға арналған, дараландырылған. Рефераттар, оқу-зерттеу жұмыстары, курстық және дипломдық жұмыстар – білім алушылардың тұлғасын дамыту және өзін-өзі дамытудың, оның өзі жұмыс істеуі тиіс болатын саланың тағдыры үшін дербестігі мен моральдық жауапкершілігінің мықты құралы. Жалпы білім беру мектебіндегі бейінді оқыту оқушылардың оқу-зерттеу қызметіне негізделеді.

Рефераттарды, ғылыми-зерттеу жұмыстарын барлық пәндер бойынша жоғары сынып оқушылары мен студенттер жазады. Зерттеу жұмыстарын орындау процесі, нәтижелерді ресімдеу және оларды талдау, тұжырымдарды қалыптастыру объективті қиындық тудырады.

Жұмыстарды жазу және ресімдеуге қойылатын талаптар өте көп. Оларды бұзбас үшін, жұмыс тәсілдерін игеру, орындау үлгілері болуы тиіс.

«Менің бірінші ғылыми еңбегім» элективті курсы оқушылардың пәннен жоғары білімдер мен біліктерді алуына есептелген.

**Элективті курстың мақсаты:** оқушылардың зерттеу біліктері мен дағдыларын дамыту.

«Менің бірінші ғылыми еңбегім» ұсынылатын элективті курсы мынадай міндеттерді шешеді:

- ғылыми құбылыстар туралы, ғылыми логика туралы, ғылыми айғақтау нысандары мен әдістері туралы ұсынымды қалыптастыру;
- оқушыларды көптеген ғылым үшін бірыңғай ғылыми әдістер негіздеріне, зерттеуді жоспарлау (эксперимент) және нәтижелерді өңдеуге оқыту;

- ғылыми жазбаша жұмыстардың әр түрлері туралы ұсынымды қалыптастыру, оқушыларды осындай жұмысты дербес ресімдеуге үйрету;
- болашақ студенттің, содан кейін маманның проблемаларды талдау, әртүрлі гипотезаларды ұсыну және оларды шешу модельдерін құру, неғұрлым ұтымды, сондай-ақ сыни тұрғыдан ойлау қабілеті сияқты тұлғаның қасиеттерін қалыптастыруға көмектесу.

«Менің бірінші ғылыми еңбегім» жоғары сынып оқушыларына арналған элективті курсы оқыту кезеңінде бітіру (дипломдық) жұмыстары көрініс табатын өнімді кәсіби қызмет үшін болашақ мамандарды даярлауға ықпал етеді.

8-9 сынып оқушылары үшін таңдау бойынша оқу курсы 20 сағатқа есептелген. Олардың ішінде 8 сағат – теория, 9 сағат – практика, 3 сағат – дербес аудиториядан тыс жұмыс.

Курстың мазмұны пәндік салалардың базалық білімдерінен сапалы түрде ерекшеленеді. «Ақпараттық технологиялар» пәнінің элементтерін пайдалануды, дербес компьютерде ол таңдаған ресімдеу қызметінің пәндік саласында өзінің танымдық қызметін біріктіруді болжайтындықтан, курс интеграцияланған болып табылады.

Бағдарламаның теориялық бөлігі мынадай мәселелерді қамтиды: ғылыми танымның ерекшеліктері мен оның заманауи өркениеттегі рөлі, ғылыми-зерттеу жобасын жазуға қойылатын талаптар, зерттеуді жобалау, экспериментті қою технологиясы, эксперименталды деректерді жинақтау, өңдеу және тұжырымдарды қалыптастыру, оқу-зерттеу жұмысының, рефераттың құрылымы мен оларды ресімдеу.

Осы элективті курстың практикалық базасына мәтіндік экрандық редактордың негізгі операциялары мен ғылыми жұмыстарды ресімдеудің жалпы қағидаттары туралы, Интернет арқылы қажетті материалды іздеу тәсілдері туралы білімдер және WORD объектілері мен басқа бағдарламалық қосымшаларды енгізе отырып, WORD мәтіндік редакторында көп бетті құжатты ресімдеу бойынша операцияларды орындау біліктері, сондай-ақ өзінің жұмысын PowerPoint бағдарламасында ДК-да көп слайдты құрылымдалған таныстырылым түрінде ресімдеу жатады.

Ақпараттық технологияларды пайдалану дағдылары дайын бағдарламалық құралдармен жұмыс істеу шеберлігін болжайды.

**Жұмыстың әдістері:** лекция-семинарлық, проблемалық, иллюстрациялық-көрнекі.

**Жұмыстың нысаны:** практикалық, дербес жұмыс, эксперимент, теориялық зерттеу.

**Осы бағдарламаның нәтижелері мыналар болады:**



1. Мектептен тыс бағдарламаның жаңа қосымша білімдері.
2. Жоғары сынып оқушыларының зерттеу шеберліктерін дамыту.

**Курстың мазмұнын игеру деңгейіне қойылатын талаптар**

элективті курсты зерделеу нәтижесінде оқушылар:

ғылыми құбылыстардың ғылыми еместен ерекшелігін білуі;

оқу зерттеулерінің түрлері мен типтері туралы білуі;

эксперименттің теориясы мен оны жаратқандыруды білуі;

баспа жұмысының құрылымын білуі;

ғылыми баспа жұмыстарын ресімдеу қағидаларын білуі;

процестер мен құбылыстардағы қайшылықтарды анықтап, гипотезаларды ұсына білуі;

эксперименталды деректерді жинақтау және талдауды жүзеге асыра білуі;

зерттеу нәтижелері бойынша тұжырымдарды қалыптастыра білуі;

ақпаратты әртүрлі көздерден, оның ішінде Интернеттен жинауды жүзеге асыра білуі;

ғылыми бапа жұмыстарын ресімдеу кезінде ТЭР мүмкіндіктері білімдерін қолдана білуі (қоса салынған редакторды пайдалана отырып, формулаларды ресімдеу, сілтемелерді ресімдеу; көп деңгейлі мазмұнды автоматты түрде құру, құжатты форматтау кезінде стильдерді пайдалану)

мәтіндік құжатқа басқа қосымшалардан объектілерді енгізе білуі (EXCEL, PAINT және басқалар)

өзінің жұмысын ұсынымға, таныстырылым түрінде қорғауға дайындай білуі тиіс.

**Оқу-тақырыптық жоспар**

№	Тақырыптың атауы	Барлық сағат саны	Лекциялар	Практикалық жұмыстар	Семинарлар	Өзіндік жұмыстар
1.	Ғылыми таным	1	1			
2.	Неден бастау керек? Дайындық кезеңі	2	2			
3.	Ғылыми әдебиетпен жұмыс	1			1	
4.	Зерттеуді жобалау	2	1		1	
5.	Рефераттың құрылымы және оны жазу, оқу-зерттеу жұмысы	1	1			

6.	Зерттеу эксперименті	5	0,5	2	0,5	2
7.	Интернет арқылы ақпарат іздеу	2		1		1
8.	Баспа жұмысында әртүрлі объектілерді пайдалану және ресімдеу. Титул парағы	2		2		
9.	Жеке баспа жұмысын ресімдеу	1		1		
10.	Таныстыру жасау	1		1		
11.	Навигация объектілері. Слайдтар жинағы.	1		1		
12.	Жеке таныстыруын ресімдеу	1		1		
13.	<b>Итого</b>	<b>20</b>	<b>5,5</b>	<b>9</b>	<b>2,5</b>	<b>3</b>

## Тақырыптар мазмұны

### 1. Ғылыми таным (1 сағат)

Ғылыми танымның ерекшеліктері мен оның заманауи өркениеттегі рөлі. Іргелі және қолданбалы ғылымдар. Ғылыми білімнің салалары. Ғылыми және әдеттегі таным. Эмпирикалық зерттеу құрылымы. Теориялық зерттеу құрылымы. Сабақ нысаны – дәріс.

### 2. Жұмысты неден бастау керек? Дайындық кезеңі (2 сағат).

Рефераттар, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, курстық және дипломдық жұмыстарды жазуға қойылатын жалпы талаптар. Зерттеудің түрлері мен типтері. Тақырыптарды таңдау және оларды қалыптастыру бойынша ұсынымдар. Зерттеуді ұйымдастыру. Сабақ нысаны – дәріс.

### 3. Ғылыми әдебиетпен жұмыс (1 сағат)

Зерттеуді ақпараттық қамтамасыз ету. Көздерді конспектілеу. Ғылыми мәтіндердің мазмұнын өңдеу әдістері.

Сабақ нысаны – семинар.

### 4. Зерттеуді жобалау (2 сағат)

Ғылыми аппаратты алдын ала әзірлеу: зерттеу стратегиялары мен тәсілдері. Бағалау іс-қимылдары.

Семинар. Зерттеу стратегиялары мен тәсілдерін жобалау. Сабақтардың нысаны – лекция мен семинар.

### 5. Реферат, ғылыми-зерттеу жұмысының құрылымы (1 сағат)

Рефераттың, оқу-зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар. Кіріспе. Теориялық бөлігі. Практикалық бөлігі.

Зерттеу нәтижелері мен оларды талқылау. Тұжырымдар. Қорытынды. Қосымшалар. Жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптар.

Сабақтың нысаны – лекция.

#### **6. Зерттеудегі эксперимент (5 сағат)**

Эксперименттің негізгі құрамдауыштары. Эксперименттердің типологиясы. Экспериментті дайындау, жүргізу және сипаттау. Семинар. Экспериментті дайындау, жүргізу және сипаттау. Сабақ нысаны - дәріс, семинар, өзіндік жұмыс.

#### **7. Интернетте ақпарат іздеу (2 сағат)**

Практикалық жұмыс. Интернет арқылы ақпарат іздеу. Өздік жұмыс.

#### **8. Баспа ғылыми жұмыста әртүрлі объектілерді пайдалану және ресімдеу (2 сағат)**

Практикалық жұмыс. Мәтіндік құжатқа басқа қосымшалардан объектілерді енгізу (кестелер, Excel диаграммалары; графикалық объектілер); сілтемелерді қою және ресімдеу. Құжатты форматтау кезінде әртүрлі стильдерді пайдалану. Көп деңгейлі мазмұнды автоматты түрде құру.

#### **9. Өзінің баспа жұмысын ресімдеу (1 сағат)**

Практикалық жұмыс. Формулалардың редакторын; мұқаба бетін пайдалана отырып, баспа ғылыми жұмысында формулаларды ресімдеу.

#### **10. Таныстырылым жасау (1 сағат)**

Практикалық жұмыс. Таныстырылым: таныстырылым объектілері, слайдтар. Таныстырылымдағы анимация, анимациялары бар таныстырылым жасау.

#### **16. Навигация объектілері. Слайдтар жинау (1 сағат)**

Практикалық жұмыс. Навигация объектілері. Слайдтар жинау.

#### **17. Өзінің таныстырылымын ресімдеу (1 сағат)**

Практикалық жұмыс. Өзінің таныстырылымын ресімдеу.

#### **Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету**

Оқу-зерттеу жұмыстарын, рефераттарды жазу мен ресімдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар (оқушылар үшін).

Эксперименттер жүргізу үшін зертханалық жабдық.

Компьютерлер мен оларды бағдарламалық қамтамасыз ету.

ТСО (видео, кодоскоп).

Кестелер, анықтамалықтар.

#### **Жетістіктер деңгейін бақылау**

№ 1–2 тақырыпта – Тестік бақылау.

№ 3–4 тақырыптар – Семинарға қатысу, хаттама дайындау.

№ 5 тақырып – әдістемелік нұсқаулар бойынша оқу-зерттеу жұмысының құрылымын жасау.

№ 6 тақырып – Тәжірибелердің, тұжырымдардың нәтижелерін ресімдеу.

№ 8 тақырып – Мұқаба бетін ресімдеу.

№ 9–12 тақырыптар – Жұмыстың таныстырылымын ресімдеу.

## **Әдебиеттер тізімі**

1. Безрукова В.С. Как написать реферат, курсовую, диплом. М., Питер, 2004 г. 176 стр.
2. Новиков А.М. Научно-экспериментальная работа в образовательном учреждении. Деловые советы. М., 1996 г., 129 стр.
3. Пидкасистый П.И. Организация учебно-познавательной деятельности студентов. М., Педагогическое общество России. 2004 г., 109 стр.
4. Ситникова О.Ф. Написание и оформление учебно-исследовательской работы: методические рекомендации. Екатеринбург, 1998 г., 21 стр.
5. Естественно-научные проекты. 10 – 11 классы (Физика, география, экология, химия) / сост. Демидова М.Ю. – М. Школьная пресса. 2005., 80 с.

### **Білім алушыларға арналған әдебиеттер**

1. Викулова Н.П. Учителю и ученику о реферате. Методическая разработка. Екатеринбург, 1997 г., 25 стр.
2. Правила оформления исследовательской работы по экологии. Методическое пособие/Экосистема; сост. Магазов О.А., Магазова Л.Н., М., 1996 г., 17

### **4-қосымша**

**Балаларға қосымша білім берудегі аса өзекті бағыттардың үлгілік тізбесі.**

**Қазіргі нарықтық экономика мен өмірге арналған кәсіпалды даярлығы (әлеуметтік кәсіптер мектептері).**

- Жас фермер (ауыл шаруашылығы)
- Жас кәсіпкер, жастар фирмасы
- Гувернерлар
- Әлеуметтік кәсіптер мектептері
- Тренингтер технологиясы (құзыреттіліктік, рөлдік, психологиялық, команда құрушылық, қарым-қатынас және т.б.)
- Таныстырулар, газеттер, электрондық журналистика,
- Полиграфия, макет жасау
- Сайт жасау
- Компьютерлік ойындар жасау
- Қазіргі заманғы өнердегі менеджмент

### **Ғылыми-практикалық білім.**

Биоинформатика

Биотехнология  
Биоинженерия  
Геология, минералогия, геологиялық барлау  
Материалтану, нанотехнологиялар  
Техникалық модельдеу, конструкциялау  
Экология және тұрақты даму  
Энергия үнемдеу, табиғатты ұтымды пайдалану  
Ақпараттық технологиялар, бағдарламалау  
Фармакология және медицина  
Ғарыштық модельдеу, наноспутниктер дайындау

**Өнердегі заманауи технологиялар.**

Компьютерлік графика  
Сәулет дизайны, интерьерлерді жобалау және дизайны  
3D өнері  
Мультимедиа-арт  
Компьютерлік графика, дизайн, граффити  
Өнеркәсіптік дизайн  
Халық қолөнері мектебі  
Кино өнері, бейне  
Музыкалық шығармаларды жазу  
Өнерді денсаулықты нығайту үшін пайдалану (қуыршақ терапиясы және т.б.)  
Цирк өнері

**Әлеуметтік-мәдени қызметтің өзекті бағыттары.**

Тарихи реконструкция  
Балалар экскурсиялық бюросы  
Қазақстанның халық қолөнері  
Ұлттық аулалар  
Интерактивті мұражай  
Виртуалды әлемдегі өмір мәдениеті  
Әлеуметтік желілердегі жобалар  
Балалар әлеуметтік жобалаулары (мектеп орман шаруашылығы, аумақтарға жетекшілік ету және т.б.)

## Пайдаланылған және ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Абдыкаримов Б.А., Мамерханова Ж.М., Соколова М.Г. Методическое пособие к изучению курса «Педагогика профильного обучения». - Караганда, 2007. – 243 с.
2. Алдибаева Т.А., Хавайдарова М.М.. Вопросы организации предпрофильной подготовки. Алматы, журнал «Открытая школа», сборн. статей, 2008.
3. Айтбаева Н., Бекмолдаева Р.Б., Жетписбаева Г. Анализ современного состояния профильного обучения. // Современные проблемы науки и образования - 2012.-№6. (приложение "Педагогические науки"). - С. 44.
4. Государственная программа развития на 2011-2020 годы. // МОиН РК, Астана, 2011 г.
5. Жексенбаева У.Б. Компетентностно ориентированное образование в современной школе. Учебно-методическое пособие. Алматы, 2009. 190 с.
6. Закон Республики Казахстан «Об образовании». – Астана, 2012.
7. Кунакова К.У. и др. Методические рекомендации по организации профильного обучения в школах Республики Казахстан. – Алматы, 2006. – 32 с.
8. Концепция 12-летнего среднего общего образования в РК/МОиН РК, Респ.науч.практ.центр 12-летнего образования. - Астана, 2006. -19 с.
9. Концепция развития профильного обучения в Республике Казахстан.
10. Методические рекомендации по организации профильного обучения в школах Республики Казахстан. – Алматы: КАО им. И. Алтынсарина, 2006.
11. Особенности предпрофильного и профильного обучения в 12-летней школе. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, 2013. – 80 с.
12. Послание Президента РК народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана» от 27.01.2012 г.
13. Профессиональное самоопределение в школе: проблемы теории и практики. Сост. Л.А. Попова, Т.М. Ильичева. – Алматы, 2008.- 108 с.
14. Аксёнова Э.А. Профильное обучение: состояние, поиск, перспективы. Книга для учителя. – М. Новая школа, 2005. – 184 с.
15. Андреева, Н.Д. Профессиональная ориентация учащихся. / Н.Д. Андреева. – М.: Биология в школе, 2003. № 1.
16. Артемова, Л.А. Профиль обучения диктует региональный рынок труда. / – М.: Народное образование. 2003. №4.
17. Африна, Е.С. Готовимся к профильному обучению. / Е.С. Африна. – М.: Народное образование, 2004. № 8.

18. Березина В.А. Развитие дополнительного образования детей в системе российского образования. Учебно-метод. пособие. – М.: АНО «Диалог культур», 2007.–512с.
- 19 . Болотов, В.В. Перспективы перехода школы на профильное обучение. / – М.: Воспитание школьников, 2004. № 1.
20. Гуляева С.П. Портфолио: рекомендации по созданию и использованию в предпрофильной подготовке. – Новокузнецк: ИПК, 2005. – 73 с.
21. Дик, Ю.И. Профильное обучения в условиях модернизации школьного образования. / Ю.И. Дик. – М., 2003.
22. Захаров Н.Н. Профессиональная ориентация школьников. / Н.Н. Захаров. - М.: Просвещение, 1988.
23. Интеграция общего и дополнительного образования: Практич. пособие (Дополнительное образование) / Под ред. Е. Б. Евладовой, А. В. Золотаревой, С. Л. Паладьева. – М.: АРКТИ, 2006. – 29
24. Кленова Я.Н. Как подготовить школу к профильному обучению. – М.: Народное образование, 2003. № 7.
25. Климов, Е.А. Как выбирать профессию: книга для учащихся старших классов средней школы. / Е.А. Климов. - М.: Просвещение, 1990.
26. Колесников, Н.А. Профорентация и предпрофильная подготовка. / Н.А. Колесников. – М.: Народное образование, 2004. № 1.
27. Карпов, Е.Н. Зарубежный опыт профильного обучения. Профильная школа: опыт норвежских коллег / Е. Н. Карпов // [www.internet-school.ru](http://www.internet-school.ru)
28. Леонтьев, Д.Е. Профессиональное самоопределение как построение образов возможного будущего. / Д. Е. Леонтьев. – М., 2001.
29. Новикова Т.Г. Теория и практика организации предпрофильной подготовки. / Т.Г. Новикова. – М.: АПК и ПРО, 2003.
30. Новожилова Н.А. Курсы по выбору: отбор содержания и технологии проведения. / Н.А. Новожилова. – М.: Народное образование, 2004. № 2.
31. Орлов, Н.С. Открыть детям мир профессий. / Н.С. Орлов. – М.: Педагогика, 1996.
32. Развитие теории и практики интеграции общего и дополнительного образования детей. Методическое пособие/ под научн. ред. А.Б. Фоминой. – М.: «Перспектива», 2010. – 120с.
33. Савченко М.Ю. Профорентация. Личностное развитие. /М.Ю. Савченко. - М.: Вако, 2005.
34. Сухотенко О.Н. Ступени профессионального выбора. /О.Н. Сухотенко. – М.: Школа и производство, 2004. № 3.
35. Хлопова Т.А. Эксперимент считается жизненно важным. /Т. А. Хлопова. – М.: Народное образование, 2004. № 1.
36. Чистякова С.Н. Педагогическое сопровождение самоопределения школьников (методическое пособие)./С.Н. Чистякова.- М.: Асадема, 2005.

37. Сторожева, Г.О. О профессиональном самоопределении учащихся / Г.О. Сторожева // Воспитание школьников. – 2004. - №10. – С. 37-44.

38. Теория и практика организации предпрофильной подготовки / Под ред. Т.Г.Новиковой. – М.: АПК и ПРО, 2003. – С. 36–37.

39. Чистякова С.Н. Элективные ориентационные курсы и другие средства профильной ориентации в предпрофильной подготовке школьников. Учебно-методическое пособие. М.: АПК и ПРО, 2003. - 73 с.

40. Яркова Н.М., Калугин Ю.Е. Процессы интеграции: достижения и проблемы // Внешкольник, 2003, №2.